




АСЫЛ МҰРА

8-БЕТ | ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



РАҚЫМ МЕН МЕЙІРІМ АЙЫ

9-БЕТ | ИМАНАРАЗЫ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Жағдай өте күрделі болса да, біз қиындықты міндетті түрде еңсереміз, барлығын қалпына келтіреміз. Ең бастысы – азаматтардың амандығы. Тасқын судан зардап шеккен азаматтарға айтарым, мемлекет бірде-бір адамды ескерусіз қалдырмайды. Баршаңызға қаржылық және басқа да көмек беріледі. Материалдық шығындар толық өтеледі. Біз алапат су тасқынынан тиісті қорытынды шығаруымыз керек. Яғни, жіберілген олқылықтарды түзетіп, тиісті сабақ алуымыз қажет. Ал ондай сабақтар аз емес. Осындай қиын-қыстау кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару аса маңызды. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді.

№42
(4630)

Сейсенбі
9 сәуір
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



JOLTPAR – ТИІМДІ ЖОБА

Астана қаласы әкімдігінің Joltpar жобасы елорда тұрғындары үшін жұмыс табуға, қаржылық жағдайын жақсартуға, сонымен қатар жаңа мамандықты игеруге көмектесіп отыр.

6-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ЖОЛ ЖӨНДЕУ БАСТАЛДЫ

Биыл Астанада ұзындығы 60 шақырымға жуық 50-ден астам көшені жөндеу, тротуарларды, әлеуметтік нысандарға кіреберіс жолдарды, аялдама бұрылыстарын, пандустарды және басқа да жол учаскелерін жабдықтау жұмыстары жүргізіледі.

Жол жөндеу жұмыстары бірінші кезекте, жаңа әлеуметтік нысандар бар жерлерде, сондай-ақ тұрғын алаптарда жүргізу жоспарланған. Бүгінгі таңда қаладағы жол-көлік желісіне тексерулер жүргізіліп жатыр. Тексеру нәтижесінде бірінші кезекте жөнделетін жолдардың тізбесі жасалады.

7-БЕТ | ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ!

Оңалхан ӨНЕРХАН



Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметі бойынша су тасқыны басталғалы 75 982 адам қауіпті жағдайдан құтқарылған. Уақытша орналас-тыру орталықтарына 7 203 адам жайғастырылды. Еліміздің барлық өңірлерінде көмек көрсету орталықтары ашылды. Астана қаласы бойынша бүгінгі таңда 9 гуманитарлық көмек қабылдау орындары, 30-ға жуық еріктілер ұйымы жұмыс жүргізуде.

Мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде су тасқынынан зардап шеккендерге Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тарапынан өтемақы төленетіні туралы хабарлама тарап жатыр. Ведомство өкілдері бұл ақпаратты жоққа шығарды.

МИНИСТРЛІК ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕМЕЙДІ

Аталған министрліктің өтемақы төлемдерін жүзеге асыратыны туралы жалған ақпарат таратып жатқан белгісіз тұлғалар төлем алу үшін «Толығырақ» түймешігін басуды немесе сілтеме бойынша өтуді ұсынады. Тиісінше, хабарламада көрсетілген сілтеме пайдаланушының жеке деректерін ұрлап алу мүмкіндігін туғызады.

Айта кетсек, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес су тасқынынан зардап шеккен азаматтарға жергілікті атқарушы органдар біржолғы төлемдер төлейді. Мөлшері материалдық шығынды есептейтін арнайы комиссиялардың шешімі бойынша әр өңірде жеке белгіленеді.

ЖҮГІРУ – АСТАНАЛЫҚ ТРЕНД

Елордада көктемгі жүгіру іс-шарасы өтті. Триатлон саябағында 500 әуесқой жүгіруші жарыс жолына шықты.

Соңғы жылдары елордада бұқаралық спортқа қатысушылар саны артып келеді. Сондай көпшілікке арналған спорттық іс-шараның бірі «Astana run» жобасы аясында ұйымдастырылған көктемгі жүгіру жарысы болды. Ең бастысы – іс-шараға қатысқан астаналықтар жүгіру арқылы бір-бірімен танысып қана

қоймай, денсаулықтарын шыңдап, бой сергітіп, көңілдерін көтеріп қайтты. Әрбір қатысушыға қаланың сәніне айналған ғимараттары, сәулеттері бейнеленген медаль берілді. Шын мәнінде көктемгі жүгіру елорданың бір трендіне айналып бара жатқанын көрсетті.

12



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 480.83 \$ USD/KZT 447.53 ₸ RUB/KZT 4.84 ¥ CNY/KZT 61.85

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ СУ ТАСҚЫНЫ САЛДАРЫНАН ҚАЛЫПТАСҚАН АУЫР ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҮНДЕУІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің бірқатар облысындағы су тасқыны салдарынан қалыптасқан күрделі жағдайға байланысты Қазақстан халқына үндеу жариялады.

ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!

Бүгін мен еліміздің азаматтарына арнайы үндеуімді жолдап отырмын. Баршаңызға белгілі, қазір елімізде күрделі жағдай қалыптасып отыр. Қардың күрт еруіне байланысты аймақтарда су тасқыны болып жатыр. Бұл – табиғи апат. Мұндай ахуал ұзақ жылдан бері болмаған. Бұл көлемі жағынан соңғы 80 жылдан бергі ең ірі табиғи апат деуге болады. Су тасқынына байланысты еліміздің он аймағында төтенше жағдай жарияланды, яғни Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында.

Атқарушы органдар жіберген оқшылықтарды түзеу үшін мен шұғыл түрде нақты тапсырмаларды бердім. Қазір барлық қажетті шаралар қабылданып жатыр. Үкімет қарғын судың салдарын жоюға бар күшін салуда.

Премьер-министрдің басшылығымен Республикалық штаб құрылды. Премьер-министрдің өзі, оның орынбасарлары және Төтенше жағдайлар министрі апат болған аймақтарды аралап жүр. Барлық құтқару жұмыстары менің тікелей бақылауымда.

Су тасқынымен күресуге Төтенше жағдайлар министрлігінің барлық ресурсы тартылды. Сондай-ақ құтқару жұмыстарына Ішкі істер министрлігі, Ұлттық

ұлан, Қарулы Күштер және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мамандары белсене атсалысып жатыр. Зардап шеккен аймақтардың әкімдіктері күндіз-түні жұмыс істеуде. Ондаған мың волонтер де көмектесіп жүр.

Жағдай өте күрделі болса да, біз қиындықты міндетті түрде еңсереміз, барлығын қалпына келтіреміз. Ең бастысы – азаматтардың аمانдығы. Тасқын судан зардап шеккен азаматтарға айтарым, мемлекет бірде-бір адамды ескерусіз қалдырмайды. Баршаңызға қаржылық және басқа да көмек беріледі. Материалдық шығындар толық өтеледі.

Біз алапат су тасқынынан тиісті қорытынды шығаруымыз керек. Яғни, жіберілген оқшылықтарды түзетіп, тиісті сабақ алуымыз қажет. Ал ондай сабақтар аз емес.

Апаттардың алдын алу жұмысындағы кемшіліктен бастап, су шаруашылығы мамандарының тапшы болуы, табиғатқа немқұрайлы қарауға дейін көп мәселені реттеу қажет. Үкімет және жергілікті атқарушы органдар су тасқынымен күресті тиімді үйлестіріп отыруға тиіс. Су басқан аумақтарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету қажет.

Менің бұйрығыммен апатқа қарсы күреске Қорғаныс министрлігі қосымша әскери күштерін жолдайды. Халыққа көмектесу үшін Үкіметке мемлекеттік мате-

риалдық резервті пайдалануды тапсырамын. Сондай-ақ Үкімет шығындарды өтеудің тиімді жолдарын шұғыл қарастыруға тиіс. Оны зардап шеккен азаматтарға жан-жақты түсіндіру керек. Берілетін өтемақы шығынды толық жабуы қажет.

Жағдайы неғұрлым күрделі аймақтардағы жұмысты үйлестіру үшін Үкімет басшысының орынбасарларына аймақтарға шығуды тапсырамын. Олар ахуал түзелгенше сол жерде болады. Ақпараттық штаб азаматтарды мемлекет қабылдап жатқан барлық шаралар жөнінде үздіксіз және жан-жақты хабардар етіп отыруға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдарына, белсенді азаматтарға және блогерлерге айтарым, жұртты дүрбелеңге салатын жалған ақпараттарды таратпау қажет. Қазіргі уақытта билік пен қоғамды ұйыстыратын әрекеттер жасау аса маңызды. Азаматтарды тек қана ресми ақпарат көздеріне сүйенуге шақырамын.

Құтқарушыларға, тәртіп сақшыларына, волонтерлерге және апатпен күресуге атсалысып жатқан барша жұртқа алғысымды айтамын. Осындай қиын-қыстау кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару айрықша маңызды. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді.

матрацтар, киім-кешек, шатырлар жеткізіледі. Гуманитарлық жүк тиелген автоколонна 6 сәуір күні таңғы сағат 4-те Қазақстанға аттанды.

ӘКІМДЕР ЕСЕБІН ТЫҢДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола, Ақтөбе, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдерімен телефон арқылы сөйлесті. Аталған облыстардың әкімдері Президентке өңірлердегі ахуал жайында, табиғи апатпен күресу және су тасқынының зардаптарын жою үшін қабылданған шаралар жөнінде есеп берді.

Аймақ басшыларының айтуынша, жалпы жағдай жігі бақылауда, табиғи апатпен күресу үшін адам күші де, техника да жеткілікті. Президенттің тапсыр-

масымен Республикалық штабқа жетекшілік ететін Премьер-министр Олжас Бектенов бастаған Үкімет мүшелері су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға жі-

берілген болатын. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың керек-жарағын шешу бағытында ауқымды жұмыс атқарылып жатыр.

БАУЫРЛАС ЕЛГЕ АЛҒЫС АЙТТЫ

Мемлекет басшысы Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровпен телефон арқылы сөйлесті. Қасым-Жомарт Тоқаев су тасқынына байланысты бауырлас елдің көрсеткен көмегі үшін Садыр Жапаров пен Қырғызстан халқына алғыс айтты.

Сондай-ақ бұл гуманитарлық көмек екі ел арасындағы шынайы достықты, тілеуестікті және тығыз одақтастық қарым-қатынасты білдіретінін атап өтті. Мемлекеттер басшылары қазақ-қырғыз қатынастары барлық бағытта қарқынды

дамып келе жатқанына назар аударды.

Әңгімелесу барысында президенттер сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты одан әрі нығайту перспективаларын

талқылады. Сонымен қатар тараптар халықаралық және өңірлік күн тәртібі бойынша пікір алмасты. Қырғызстан Президенті тақырып аралада Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Қазақстанға ресми сапармен келетінін растады.

САБАҚ АЛЫП, ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСАУЫМЫЗ КЕРЕК

Қарғын судың салдарынан еліміздің бірқатар өңірінде күрделі жағдай қалыптасып отыр. Мұндай ахуал соңғы 80 жылдан бері болмаған ең ірі табиғи апат екені айтылуда. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына үндеуін жариялап, тасқынның салдарын жою үшін қабылданып жатқан шараларға тоқталды.

Президентіміздің тапсырмасына сәйкес Премьер-министрдің басшылығымен Республикалық штаб құрылды. Үкімет мүшелері және тиісті ведомство өкілдері апат болған аймақтарда жүр. Қиын ахуалды да белсенді атсалысып жатыр. Барлық құтқару жұмыстары Мемлекет басшысының тікелей бақылауында.

Осы ретте Парламент, оның ішінде Сенат депутаттары да өңірлерге барып, тасқын суға қарсы іс-қимыл жөніндегі өңірлік жедел штабтардың жұмысына үлес қосып жатқанын атап өткен жөн. Сенаторлар апаттың беті

қайтып, жағдай тұрақталғанша тұрғындармен бірге болады.

Мемлекет басшысы зардап шеккен азаматтардың шығындары толық өтелетінін айтты. Бірде-бір адам ескерусіз қалмайды. Осыған орай мемлекеттік материалдық резервті пайдалану тапсырылды. Президентіміз атап өткендей, алдағы уақытта апаттан тиісті сабақ алып, қорытынды шығаруымыз керек. Соған сәйкес алдын алу жұмысындағы кемшіліктерді жойып, ондай оқшылықтардың қайталанбауын қамтамасыз етуіміз қажет.

Осындай күрделі кезеңде жалған ақпаратқа бой алдыр-

май, ресми көздер таратқан мәліметтерге ғана жүгіну де аса маңызды. Сондай-ақ мұндай жағдайда қоғамның жұдырықтай жұмылып, бірлесіп әрекет еткені абзал. Қазірдің өзінде өңірлерде волонтерлер мен жергілікті тұрғындар өз күштерін тасқынға тосқын болып жатқанын білеміз. Өзге облыстардағы азаматтар мен кәсіпкерлер де белсенділік танытып жатыр. Осындай бекем бірліктің арқасында бұл қиындықта да еңсеріп шығамыз деп толық сенеміз.

Мәулен ӘШМБАЕВ,
Сенат төрағасы

ҚЫРҒЫЗДАР СЫРТ ҚАЛМАДЫ

Қырғызстанның Төтенше жағдайлар министрлігінің құтқарушылары су тасқынынан зардап шеккен Қазақстан халқына 300 тонна гуманитарлық жүк жіберді.

Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровтың тапсырмасы бойынша елдің Төтенше жағдайлар министрлігі «Азық-түлік керуені» гумани-

тарлық жүгін ұйымдастырды. Тұрғындарға күнбағыс майы, қант, күріш, макарон және кондитерлік өнімдер, сондай-ақ жергілікті жерде өндірілген

матрацтар, киім-кешек, шатырлар жеткізіледі.

Гуманитарлық жүк тиелген автоколонна 6 сәуір күні таңғы сағат 4-те Қазақстанға аттанды.

ТҮРКИЯ ҮКІМЕТІ КӨМЕК ЖІБЕРЕДІ

Түркия Сыртқы істер министрлігі Қазақстанның бірқатар өңіріндегі су тасқынына байланысты Түркия үкіметі қазақ халқына жан-жақты көмек көрсетуге дайын екенін мәлімдеді. Бұл туралы Anadolu агенттігі жазды. «Қазақстанның түрлі аймақтарындағы су тасқыны жағдайының салдарын өкінішпен қабылдадық» деп хабарлады Түркия Сыртқы істер министрлігі.

Су тасқыны үлкен шығын әкеліп, су басқан аймақтарда тұратын қазақстандықтарды эвакуациялауға

мәжбүр етті. Қазақстан халқы мен үкіметіне шын жүректен тілек-тестігін жеткізген министрлік

су тасқынымен күресте Түркия Қазақстанға кез келген көмекті көрсетуге дайын екенін айтты.

СЫН САҒАТТА ДЕМЕУ БОЛАЙЫҚ!

«Апат айтып келмейді». Биыл қардың күрт еруі өңірлерімізді әбiгерге салып отыр. Көптеген ауыл-аймақты су басты. Көнекөз қарияларымыз мұндай көлемдегі апаттың бұрын-соңды болмағанын айтып отыр. Осындай сын сәтте бүкіл еліміз жұдырықтай жұмылып, зардап шеккен елді мекендерге қол ұшын созуда. Сындарлы ахуал алғашқы сәттен бастап Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тікелей бақылауында. Мемлекет басшысы су басқан аймақтарға арнайы барып, жағдаймен жіті танысты.

Ел Президенті халыққа үндеу жасап, жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар берді. Апат салдарын жоюға барлық күш пен ресурсты жұмылдырды. Тиісті сала қызметкерлерімен қатар, ондаған мың волонтерлеріміз де күндіз-түні көмек қолын созууда. Тұтас халқымыз да елдігін танытып жатыр. Ең бастысы – тұрғындардың амандығы мен қауіпсіздігі. Осындай сын сәтте жанашырлық пен ынтымақ көрсету өте маңызды. Зардап шеккендерге барынша көмек көрсетейік. Бұл ретте, бірде-бір азамат ескерусіз қалмайтынын, зардап шеккен ауылдар, үй мен мүлік те түгелдей қалпына кел-

тіретінін Мемлекет басшысы шегелеп айтты.

Қазіргі уақытта су тасқыны болып жатқан өңірлерде Мәжіліс депутаттары да жүр. Тұрғындардың талап-тілектерін тиісті орындарға тікелей жеткізуде. Олар жағдай толығымен тұрақталмайынша, ауыл тұрғындарының қасында болады. Бәрін бақылауда ұстайды. Сондай-ақ арамдыдағы біраз әріптестеріміз өздерінің жеке қорлары есебінен қомақты көмектерін нақты көрсетуде. Ең бастысы, осындай сын сағатта Президентпен бірге барлығымыз тізе қосып, бір-бірімізге сүйеу болайық, демеу болайық.

Арыс пен Мақтарал оқиғасы, әлемді шарпыған пандемия жайлаған кезеңде де ауызбіршілік пен қайсарлық танытып, қиындықтарды бірге жеңген болатынбыз. Бұл жолы да бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып, орын алған күрделі ахуалды ел болып еңсеретінімізге сенімдімін. Оған қажетті ресурстарымыз да, береке-бірлігіміз де, қажыр-қайратымыз да жеткілікті.

Бекем бірлігіміз бен берік елдігімізден танбай, осынау ауырталықты да бірге еңсере берейік.

Ерлан ҚОШАНОВ,
Мәжіліс төрағасы

АБАТТАНДЫРУҒА ТАПСЫРМА БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев облыстар мен қалалардың әкімдеріне аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Мемлекет басшысы су тасқынына ұшырамаған облыстар мен қалалардың әкімдеріне көшелерді тазарту, көгалдандыру және елді мекендердің аумақтарын абаттандыру науқанын бастауды тапсырды. Сонымен қатар

жолдарды ретке келтіру міндеті жүктелді.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жұмыстарға тұрғындар мен еріктілерді тұрақты түрде тарту маңызды екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, елді

мекендер мен қоғамдық демалыс орындарын күтіп-баптау әкімдер қызметін бағалаудың тағы бір өлшемі болмақ. Жалпы, өңірлердің басшылары қалаларды лайықты және тартымды жағдайда ұстау мәдениетін енгізуі керек.



АСТАНАҒА ТАСҚЫННАН ҚАУІП ЖОҚ

Қазақстан Премьер-министрі Олжас Бектенов Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек және Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановпен ағымдағы су тасқыны жағдайын тексерді. Астана қаласы арқылы тасқын суларды өткізуге және ықтимал су тасқынынан қорғауға арналған Астана контрреттегішінің жай-күйі тексерілді. Сонымен қатар, Майбалық көлі мен Вячеслав су қоймасының жағдайын бақылады.

Астаналық контрреттегіште судың ағыуы қазір секундына 30 текше метрді құрайтыны баяндалды. Контрреттегішке келіп жатқан ағын секундына 248 текше метрді құрайды. Бүгінгі таңда контрреттегіштің су ағызу қабілетін секундына 40 текше метрге дейін арттыру жоспарланып отыр.

Су ресурстары және ирригация министрлігінің мәліметтері бойынша ахуал тұрақты және ұдайы бақылауда, Астана қаласын су басу қаупі жоқ. Олжас Бектеновке Астана су

қоймасындағы жағдай туралы баяндалды. Суды ағызу секундына 400 текше метр деңгейінде жүзеге асырылады, су қоймасының көлемі 409 млн текше метрді құрайды. Преображенский торабында шарықтау шегіне жетті, Нұра өзені арқылы торапқа құятын су ағыны азайып келеді: қазіргі уақытта секундына 1400 текше метр өтуде.

Астана қаласы мен Ақмола облысының әкімдігі жақын маңдағы елді мекендер мен қалаларды су басудың алдын алу

бойынша бірлескен жұмыстар жүргізуде. Тайтөбе ауылында су тасқынынан негізгі қорғаныс қызметін атқарған үйінділерді нығайту жұмыстары аяқталуда. Биыл қолданыстағы 2400 метрлік бөгетке ұзындығы – 1200 метр, биіктігі 2,5 метр болатын жаңа бөгет тұрғызылды.

Жедел штаб Астана, Қосшы қалалары мен Тайтөбе ауылындағы су қоймаларынан су жіберу деректері бойынша жасалған болжамдарды ескере отырып, су тасқыны жағдайына мониторинг жүргізеді.

ДАЙЫНДЫҒЫН ТЕКСЕРДІ

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр Солтүстік Қазақстан облысындағы инженерлік инфрақұрылымның су тасқынына дайындығын тексеру мақсатында Петропавл қаласының маңындағы бірнеше ауылдарды тексеру үшін түнгі рейд жүргізді.

Рейд барысында Тепличное, Прибрежное ауылдары мен Ущева көшесі бойындағы бөгеттерді нығайту жұмыстарының барысы тексерілді. Роман Скляр мердігер компанияларға бөгеттерді нығайту үшін

техника көлемін арттыруды тапсырып, уақыт аз екенін еске салды. «Бізге санаулы күндер қалды, белсенді жұмыс істеу керек. Нысандарда жүк машиналары мен басқа да техникалар жеткіліксіз,

тиегіштердің санын екі есеге арттыру қажет. Судың көтерілу кезеңінде біз ағымдағы жағдайға жауап беретін мобильді топтар құратын боламыз» деді Премьер-министрдің бірінші орынбасары.

«БҮЛ – БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДАН КЕЛЕДІ»

Қазақстандағы қазіргі су тасқыны 80 жылдан бергі ең ірі табиғи апат, мемлекет бірде-бір адамды ескерусіз қалдырмайды. Мемлекет басшысы қазақстандықтарға үндеу жолдады, ол ең бастысы, адам шығынын болдырмау екенін атап өтті. Бүгінде бүкіл ел – еңбек ұжымдары, кәсіпкерлер, барлық саяси партиялардың мүшелері және еліміздің қарапайым тұрғындары зардап шеккендерге көмектесуде.

Су тасқынына қарсы күресте құтқарушылар, мерзімді қызмет сарбаздары, белсенді жастар және мыңдаған еріктілер армиясы білек сыбана әрекет етуде. Бөгеттер салы-

нуда, кейбір өңірлерде ТЖ салдары жойылуда. Осындай қиын-қыстау кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару айрықша маңызды. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл

апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді.

Ерлан КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы
мәслихатының төрағасы



10 ОБЛЫСТА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Атырауда Премьер-министр Олжас Бектеновтің жетекшілігімен Су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру және су тасқыны салдарын жою жөніндегі республикалық штабтың көшпелі отырысы өтті. Оған бейнеконференцбайланыс режимінде министрліктер мен облыс әкімдіктерінің басшылығы қосылды.

Су тасқыны жағдайы тұрақталғанша өңірлерге жіберілген вице-премьерлердің су тасқынына байланысты қазіргі ахуал туралы баяндалғандары тыңдалды. Бүгінгі таңда 10 облыста: Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, сондай-ақ Абай және Ұлытау облыстарында төтенше жағдай режимі сақталып отыр. Қазір жалпы еліміз бойынша 15%, солтүстік, шығыс және орталық өңірлерде шамамен 40% аумақты қар басып жатыр.

Авариялық-құтқару жұмыстарына 12 мыңнан астам адам, 800-ден астам техника, 400-ге жуық су айдау және жүзу құралы жұмылдырылды. ТЖ аймақтарынан 70 мыңнан астам адам эвакуацияланды.

Сонымен қатар отырыста Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараты тыңдалды. Қабылданған шаралардың нәтижесінде су басқан өңірлерде 60 мыңнан астам мал басы қауіпсіз учаскелерге көшірілді. Оған қоса су басқан аймақтарда эпизоотиялық жағдайдың нашарлауына жол бермеу үшін

министрліктің Республикалық эпизоотияға қарсы жасағы облыс әкімдіктерімен бірлесіп, жануарлардың өлекселерін жинау және жою жұмыстарын жүргізіп жатыр. Бүгінгі таңда 1013 бас, оның ішінде 133 ІҚМ, 809 ұсақ мал басы, 64 жылқының өлекесі жойылды.

«Су тасқынына қатысты жағдай өте күрделі. Президент су басқан аумақтарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету міндетін қойды. Қалалар мен ауылдардың тыныс-тіршілігін тиісті деңгейде қамтамасыз ету қажет. Тұрғындарды керекті нәрселердің барлығымен қамту керек. Бақылауды күшейтіп, азық-түлік бағасының негізсіз өсуіне жол бермеуді тапсырамын. Ондай фактілердің жолын кесу керек. Қазір бірқатар өңірде залалды өтеу және өтемақы төлеу жұмыстары басталды. Бұл жұмысты бюрокрафияға салмай, жедел түрде мүмкіндігінше ашық жүргізу керек. Ешкім көмексіз қалмауды 60 мыңнан астам мал басы ерекше бақылауда ұстасын. Коммуналдық кәсіпорындар мен санитариялық-эпидемиологиялық қызметтер кү-

шейтілген жұмыс режиміне көшірілді. Халыққа барлық қажетті қызметтерді сапалы және үздіксіз негізде көрсету қажет» деді Олжас Бектенов.

Премьер-министр, Штаб жетекшісі Олжас Бектенов құзырлы ведомстволарға мынадай тапсырмалар берді:

- Денсаулық сақтау министрлігі су басқан аймақтардағы санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды, атап айтқанда, ауызсудың сапасын бақылауды күшейтуі керек;

- Ауыл шаруашылығы министрлігі эпизоотиялық жағдайдың нашарлауына жол бермей, үй және жабайы жануарларға қажетті ветеринариялық бақылауды қамтамасыз етуге тиіс;

- Ішкі істер министрлігі эвакуацияланған халықтың мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауы қажет;

- әкімдіктер эвакуациялық пункттердегі халықты қажетті заттардың барлығымен қамтамасыз етіп, сондай-ақ қалпына келтіру жұмыстары кезеңінде оларды уақытша орналастыру мәселесін пысықтауы қажет.

3 745 ЖЕР ҮЙ СУ АСТЫНДА ҚАЛДЫ

Бұл туралы Төтенше жағдайлар министрлігі Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитетінің аға офицері Ерасыл Сайпаш мәлім етті. «Су тасқыны басталғалы бері 75 982 адам, оның ішінде 18 681 бала құтқарылды. Тартылған әуе кемелерінің көмегімен 2 811 адам, оның ішінде 865 бала құтқарылды.

Уақытша орналасу пункттеріне 7 мыңнан астам адам, оның ішінде 2 794 бала орналастырылды. 69 971 жануар қауіпсіздік жерге айдалды. Зардап шеккен өңірлерге 126 тонна гуманитарлық көмек жеткізілді. Бірлескен күштермен 7,7 млн астам текше метр еріген қар суы сорылды. 993 мың қапшық және 982 мың тонна инертті материал төселді. 1 739 тұрғын үй мен 1 743 аула аумағынан су бұрылды» деді ол Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте.

Құзырлы мекеме өкілінің дерегінше, тәулік бойы авариялық-құтқару жұмыстарына 16 375 адам, 1 651 техника, 377 су сору және 81 жүзу құралы, 15 әуе кемесі жұмылдырылды. «Осы сағатта Атырау, Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында 3 745 жер үй, 421 аула аумағы су астында қалуда. Су шайған 105 автожол, оның ішінде 4 көпір мен 101 жол төсемі бақылауда тұр. Көлік қатынасынсыз қалған 65 елді

мекен бақылауда. Атырау, Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстары республикалық штабтың бақылауында. «Жедел желі» телефонына 1 052 қоңырау түсті. Республикалық және жедел штабтар жұмыс істейді. Барлық күштер мен құралдар төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюға жұмылдырылды. Жағдай күрделенетін болса, шұғыл іс-шаралар қабылданады» деді Ерасыл Сайпаш.



№42 (4630) 09/04/2024 Сейсенбі



АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖИНАУ ОРЫНДАРЫ:

- Астана қаласы, Сарыарқа даңғылы, 13, 5-қабат. «Астана жастары» КММ Қалалық волонтерлік штаб; Жұмыс кестесі: 09:00-ден 20:00-ге дейін; Қосымша барлық сұрақтар бойынша мына нөмірге хабарласуға болады: +7 (701) 356-22-96, Эльвира.
- Астана қаласы, Петров көшесі, 7. «LIDER.KZ» волонтерлер қозғалысы. Жұмыс кестесі: 09:00-ден 19:00-ге дейін; Тел: +7701 429 1076 Татьяна;
- Астана қаласы, Қалдаяқов көшесі, 11. «Жақсылық жаса» волонтерлер қозғалысы; Тәулік бойы, уақытты нақтылау қажет; Тел: +7707 947 7562 Салтанат;
- Астана қаласы, «Саранда» ТК, әл-Фараби көшесі, 16-үй; «Жақсылық жаса» волонтерлер қозғалысы; Тәулік бойы, уақытты нақтылау қажет; Тел: +7701 177 3862 Татьяна;
- Астана қаласы, Тамшалы көшесі, 24; «QANAT» волонтерлер қозғалысы; Жұмыс кестесін нақтылау қажет, Тел: +7747 585 6202 Меруерт, +7702 759 9447 Бибігүл;
- Астана қаласы, М.Жұмабаев көшесі, 216. «Ерекше әлем» ҚҚ. Жұмыс кестесі: 11:00-ден 22:00-ге дейін; Тел: +7701 959 3611 Ботакөз;
- Астана қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 26; «Клуб Добряков Астаны». Жұмыс кестесі: Жексенбі 14.00-ден 18.00-ге дейін, қалған күндері алдын ала хабарласу керек; Тел: +7777 866 7711 Динара;
- Астана қаласы, Қарасай батыр көшесі, 2. «Истоки добра». Жұмыс кестесі: дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, жексенбі 13.00-ден 17.00-ге дейін; Тел: +7701 405 8207 Динара;
- Астана қаласы, Уәлиханов көшесі, 25/2. «Жақсылық жаса» волонтерлер қозғалысы; Жұмыс кестесін нақтылау қажет, Тел: +7775 308 6604 Жанна.

Гуманитарлық көмек жинау мекенжайларының жұмыс кестесінде өзгерістер болуы мүмкін. Сондықтан заттарды тапсырар алдында қоймаға қоңырау шалу керек.



АПАТТЫ БІРЛЕСЕ ЕҢСЕРЕМІЗ

Соңғы мәліметтер бойынша, елімізде су тасқынына байланысты Қазақстанның 10 облысында төтенше жағдай режимі жарияланды. Қазір Ақтөбе, Атырау, Павлодар, Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында 3702 үй су астында қалды. Ел бойынша су тасқыны басталғаннан бері 72 мыңнан астам адам құтқарылып, қауіпсіз жерге көшірілді, оның 17 мыңға жуығы – балалар. Қазіргі уақытта уақытша орналастыру орталықтарында 14 460 адам болса, оның 7 269-ы – балалар.

Айгүл
УАИС

Су тасқынынан зардап шеккен аймақтардағы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың керек-жарағын шешу бағытында ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Тосыннан келген алапат апатқа барша елордалықтар үн қосуда. Бүгінгі күнде елордада 9 гуманитарлық көмек қабылдау пункті бар, жинауға 30-ға жуық ерікті ұйым атсалысып жатыр. Күн сайын 200-ден астам ерікті қажетті заттарды сұрыптап, жөнелтеді. Ниет білдірушілер жылы киім-кешек, азық-түлік, дәрі-дәрмек, алғашқы қажеттілік заттарын әкеліп жатыр.

Сонымен қатар Үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің мәліметінше, бірнеше күн ішінде 7 тоннаға жуық алғашқы қажетті тұрмыстық заттар жиналып, жүк көлігі Ақтөбе қаласына аттанды. Гуманитарлық көмек жинау жұмысына Мақсұт Нәрікбаев университеті, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Назарбаев университеті, ESIL университеті сынды елорданың жоғары оқу орындары да қосылды. Көмек көрсеткен өзге ұйымдардың қатарында The one қонақүйі, «Әсем», «Рахмет», «Шапағат» сауда үйлері және басқа да бизнес құрылымдарының өкілдері де бар.

Астаналық Қазақстан халқы ассамблеясы да «Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясын өткізді. «Қоғамдық келісім» қоғамдық ұйымы этно-мәдени бірлестіктермен, кәсіпкерлермен, ҚХА жастар қанатының волонтерлерімен және оның белсенділерімен бірлесіп, Ақмола және Қарағанды облыстарының тұрғындарына гуманитарлық көмек жөнелтті. ҚХА жанынан құрылған, меценат Хасан Шәріпов төрағалық ететін қалалық штаб гуманитарлық көмекті жинау, жүктерді қабылдау және түсіру жұмыстарын үйлестірді.

– Табиғи су тасқынынан зардап шеккендерге Қазақстан халқы Ассамблеясы мен этно-мәдени орталықтар атынан қолдау көрсетеміз. Өңірлерде төтенше жағдай жариялана салысымен гуманитарлық көмек жинадық» деді Хасан Шәріпов. Бүгінгі таңда ассамблея мүшелері мен еріктілер жалпы



сомасы 5 миллион 200 мың теңгеге көмек көрсетті. Достық үйі алаңынан 3 жүк көлігі қажетті тауарлар, оның ішінде 1,5 тонна ұн жөнелтілді. Сондай-ақ бұл маңызды іске жалпы құны 100 000 теңгенің азық-түлік өнімдерін жеткізген «Астана» балалар футбол клубының мүшелері балалар да өз үлестерін қосты.

«Аманат» партиясының Астана қалалық филиалы «Жастар рухы» жастар қанатымен, «Астана жастары» ҚБ еріктілерімен, қалалық мәслихат депутаттарымен, қоғам қайраткерлерімен, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен, шағын, орта және ірі кәсіпорындар зардап шеккендерге 250 тоннаға жуық гуманитарлық көмек жинады. Қостанай облысында Қазақстан жастар конгресінің волонтерлері еріктілердің жұмысын үйлестіріп, Астанадан гуманитарлық көмектің жеткізілуін қамтамасыз етуде.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы «Зекет және қайырымдылық» қоры өкілдері су тасқынынан зардап шеккен Ақтөбе облысына барып, су басқан аймақ тұрғындарына 500 дана резеңке етік, 2500 дана қап, 2000 дана жөргек, 2000 дана көрпе-төсек, 2 қайық, қайыққа 3 қозғалтқыш, жарық құрылғысына 2 қозғалтқыш т.б. тұрмыстық заттарды жеткізді. Сондай-ақ Ақтөбе қаласында 1000, Ойыл ауданында 300, Қобда ауданында 200 адамға ыстық тамақ берілді.

**Ерлан ДӘКЕНОВ,
Еркеғали Рахмадиев атындағы
Мемлекеттік басшысы
академиялық филармониясының
директоры,
Астана қаласы мәслихатының
депутаты:**

«Жағдай өте қиын болса да, біз қиындықты міндетті түрде еңсереміз» деді Мемлекет басшысы халқы 80 жылдан бергі ең ірі табиғи апатқа бетпе-бет келіп отыр. Қандай қиын-қыстау кезең болса да, үнемі бір тудың астына жиналатын еліміз, бұл жолы да бұра тартпай, бір жудырықтай жұмылатыны анық. Ел тізгінін ұстаған тұлғалар, Төтенше жағдайлар министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық ұлан, Қарулы күштер және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мамандары жағдайды реттеуге атсалысуда. Орын алған су тасқыны Президенттің ерекше бақылауында екенін де ұмытпаған абзал. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл». Гүл де қар астында мәңгі жаппайды. Сын сағатта сабыр сақтап, Алладан жәрдем тілейміз! Жаратқан халқымызға жар болсын!»



СПОРТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР ШАҚЫРАДЫ

Астана қаласы коммуникациялар қызметі алаңында елордада сәуір-мамыр айларына жоспарланған спорттық іс-шаралар туралы мәлімет берілді. Баспасөз мәслихатына қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Азамат Ағзамов, Астана қаласы әкімдігі спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы басшысының орынбасары Рауан Сақыпов қатысты.

**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

15-19 сәуір аралығында Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, армия генералы, Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдығына орай Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында Астана қаласының зейнеткерлері арасында шахмат турнирін ұйымдастыру жоспарланған. 17 сәуір күні «Триатлон» саябағында «Олимпиада ойындарына 100 күн» атты 5 шақырым қашықтыққа жүгіру жарысы

өтеді. 27 сәуірде «Senat Open» I ашық кубогының іріктеу кезеңі өтеді. Жарысқа қалалық мәслихат депутаттары, қалалық Қоғамдық кеңестің мүшелері және ЭЛО рейтингі 2000-ға дейінгі бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатыса алады.

1 мамыр күні елорданың бес ауданында Қазақстан халқы бірлігі күніне арналған ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылады. 9 мамырда «Триатлон» саябағында Ұлы Жеңіс күніне арналған жеңілдетілетін эстафета елорда мектептерінің 8, 9, 10-сынып оқушылары және ЖОО сту-

денттері арасында өтеді. 10-12 мамыр аралығында дзюдодан Qazaqstan Barysy Grand Slam-2024 рейтингтік турнир өткізу жоспарланған. Бұл сайыс – Париж Олимпиадасына рейтингтік ұпай беретін соңғы Grand Slam турнирі. 18 мамырда «Триатлон» саябағында «Run for Autism» қайырымдылық жарысы ұйымдастырылады. Бұл – аутизмге қарсы күреске бағытталған 1 км, 2,5 км, 5 км, 10 км қашықтықтағы қалалық ауқымды спорттық іс-шара.

«Astana Half Marathon» биыл үшінші жыл өткізілмек. Бұл – спорт әуесқойлары мен салауатты өмір салтын ұстанушыларға арналған жүгіруден ең ірі және көрнекті жарыстың бірі. Оған 16 жастан бастап қатысуға болады. Мамыр айында «Asran» спорт кешенінде ересектер арасында қазақ күресінен «Астана Барысы» іріктеу турнирі ұйымдастырылады. Сондай-ақ ерлер мен әйелдер арасында бокстан «Elorda cup» турнирі өтеді. Бұқаралық веложарыс маусымының ашылуы мамыр айына жоспарланған.

КӨМЕК БАТЫС ҚАЗАҚСТАНҒА ЖЕТТІ

Аманат партиясы Астана қалалық филиалының қызметкерлері жөнелткен гуманитарлық көмек Батыс Қазақстан облысына жетті. Бұл туралы Мәжіліс депутаты Абзал Құспан әлеуметтік желідегі жеке парақшасында жазды.



Елордалықтар жинаған гуманитарлық көмектің ішінде азық-түлікпен қатар, балалар мен ересектерге арналған жылы киімдер, резеңке етіктер, тұрмыстық заттар және т.б. керек-жарақ бар.

Астанадан жөнелтілген гуманитарлық көмек Оралға жетті. Айналығандар 15-20 минуттың ішінде жастар жүк көлігіне тиелген азық-түлікті түсіріп, қоймаға кіргізіп үлгерді. Енді Қырғызстан мемлекеті жолдаған көмектің алғашқы легі келеді, – деді Абзал Құспан.

Сондай-ақ Аманат партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Ағиза Семғалиева Астанадан БҚО-ға 28 тонна гуманитарлық көмек жеткізілгенін айтып, партияластарына алғысын жеткізді.

«ШАТТЫҚ» БАЙҚАУЫ АШЫЛДЫ

Астана қаласы Білім басқармасының ұйымдастыруымен Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында балалар мен жасөспірімдер арасындағы XVII «Шаттық-2024» шығармашылық қалалық байқауының ашылу салтанаты өтті.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Елордалық білім беру ұйымдарында дәстүр бойынша XVII рет жас таланттарды анықтау, іздеу және оларға қолдауға көрсету мақсатында кең ауқымды шығармашылық алаң – «Шаттық» балалар мен жастар өнерінің бірегей жобасы – елорданың жас тұрғындарының өмірінде орын алатын айрықша іс-шара. Шығармашылық сайыс қатысушыларға батыл жоспарын, арман-мақсатын жү-

зеге асырып, өнерлі өрендердің кәсіби сахнада өнер көрсетуге, көрермендердің шынайы сүйіспеншілігіне ие болуға мүмкіндік береді.

6 мыңға жуық қатысушы 11 жанрдың 20 номинациясы бойынша бақ сынасады. Байқау күндері – 4-26 сәуір

аралығында 67 алтын, 89 күміс, 111 қола медаль иесін тауып, 375 дипломант марапатталады, жүлдегерлерді дайындаған педагогтарға 267-ден астам сертификат беріледі. Байқауда мәдениет, өнер, білім және қоғамның көрнекті қайраткерлері қазылық етеді.



АРНАЙЫ ТЕХНИКАНЫ ТЕКСЕРДІ

Байқоңыр ауданы аумағындағы көктем-жаз маусымында санитарлық-тазалық жұмыстарын атқаратын арнайы техника тексерілді. Оған Астана қаласы әкімінің орынбасары Еркін Өтебаев қатысты.

Аталмыш ауданда санитарлық тазалауды 32 мердігерлік ұйым жүзеге асырады. Соның ішінде 6-уы механикаландырылған тазалаумен, 11-і қолмен тазалаумен, 8-і орамшilik тазалаумен, 7-еуі тазалаудың басқа түрлерімен (рұқсат етілмеген жерлерден қоқыс орындарын жою, су тасқынына қарсы іс-шаралар, саябақтар мен алаңдар тазалау) айналысады. Тексеру барысында мердігер ұйым

өкілдерімен жаңа техника да қаралып, санитарлық-тазалық жұмыстары аясында бірқатар тапсырмалар берілді. Аталған ауданда арнайы техниканың санын әлі көбейту жоспарлануда.

Бүгінгі таңда аудан аумағында көктемгі санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілуде. Екі ауысымда күніне желіге 250-ден аса техника мен жол жұмысшылары жұмылдырылуда.



СУБҰРҚАҚТАР ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Астанада коммуналдық қызметтер субұрқақтарды қыс айларындағы қорғаныш конструкцияларынан бөлшектеуді бастады. Қорғаныш жабындарын алып тастағаннан кейін механизмдер кір мен тоттан тазаланады. Бұдан әрі субұрқақтар тексеріліп, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі.

Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының балансында 12 субұрқақ бар. Бұл – «Жастар театры» субұрқағы, «Айналы шар» субұрқағы, «Атырау» субұрқағы, «Әлия Молдағұлова ескерткіші» субұрқағы, «Ақжайық» саябағындағы субұрқақ, Абай даңғылы – Желтоқсан көшесі қиылысындағы субұрқақ, Мәскеу көшесіндегі саябақтағы субұрқақ, «Сирень» субұрқағы, Субұрқақтар каскады, Қалалық алаңдағы субұрқақ (қалалық әкімдік ғимаратының алдындағы), «Қазақ драма театры»

субұрқағы, «Өмір ағашы» субұрқағы.

Ал Алматы ауданы әкімі аппаратының балансына 9 субұрқақ алынған. Олар «Президенттік» саябақ, «Қазақ елі» алаңы, «Әзірет Сұлтан» мешіті, Ұлттық музей, Бейбітшілік және келісім сарайы, Бауыржан Момышұлы атындағы саябақ, әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы, Отан қорғаушылар алаңы, «Студенттік» саябақ аумақтарында орналасқан.

Елордада субұрқақтар 1 мамырдан бастап жұмыс істей бастайды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 505 бұйрығы және ЖАО жауапкершілігіне жататын жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету туралы қолданыстағы заңнаманың тармақтары мен өзге де талаптарын басшылыққа ала отырып, «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ қоғамдық талқылаулар өткізетіні туралы хабарлаймыз.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 30 сәуірде, сағат 11:00-ден бастап 13:00-ге дейін Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Заңды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. Байқоңыр ауданы, Өндіріс тас жолы ауданындағы, «Жылыжай кешендері» 1, 2 қабат нысанының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын «Аграрлық индустриялық аймақ»

1-3 қабат нысанына өзгерту туралы өтінімді қарау, тапсырыс беруші «Astana Invest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» ЖШС;

2. Сарыарқа ауданы Н.Тілендиев даңғылы мен Ақан Сері көшесінің қиылысындағы «Абаттандыру» нысанына ғимаратының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын «Автоорталық» өзгерту туралы өтінімді қарау, тапсырыс беруші «Hyundai Sagyarka» ЖШС;

3. Сарыарқа ауданы Г.Потанин және Ә.Молдағұлова көшелерінің қиылысындағы «Азамат бизнес орталығы» ғимаратының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын «Студенттерге арналған жатақхана» нысанына өзгерту туралы өтінімді қарау, тапсырыс беруші «ТОРГАЙ» ЖШС.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар электрондық мекенжайға үлгіге сәйкес нысан бойынша қоғамдық талқылаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады s.alkuatova@astana.kz немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол.

№42 (4630) 09/04/2024 Сейсенбі

ТЕГІН ОҚЫП, КӘСІП МЕНҒЕР

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында Астанада Joltar жобасы іске асырылып жатыр. Бұл елорда тұрғындарына өз табысын арттыруға мүмкіндік береді. Оның қатысушылары мемлекеттік қолдау шаралары туралы кеңес ала алады, оқудан өтіп, өзіне лайықты жұмыс таба алады.



ЕЛОРДАДА «БАРШАҒА МҮМКІНДІК» МОДУЛЬДІК ПУНКТТЕРІ АШЫЛҒАН БОЛАТЫН. ОЛАР КЕЛЕСІ МЕКЕНЖАЙЛАРДА ОРНАЛАСҚАН:

- «ЖАСТАР» САРАЙЫ, РЕСПУБЛИКА ДАҒҒЫЛЫ, 34
 - «AILAND» ОДО, ҚОРҒАЛЖЫН ТАСЖОЛЫ, 2
 - «ВСТРЕЧА» СҮ, АБЫЛАЙ ХАН ДАҒҒЫЛЫ, 31
 - «АЗИЯ ПАРК» СОО, ҚАБАНБАЙ БАТЫР ДАҒҒЫЛЫ, 21
 - «ТҰЛПАР» СО, Ш.УӘЛИХАНОВ КӨШЕСІ, 24
 - «EUROMALL» СҮ, ҚОСШЫҒҰЛҰЛЫ КӨШЕСІ, 23
 - «МЕСЧТА» СҮ, СЫҒАНАҚ КӨШЕСІ, 3
 - «РАХМЕТ» СҮ, ТІЛЕНДИЕВ ДАҒҒЫЛЫ, 15
 - ЕМО, БЕЙБІТШІЛІК КӨШЕСІ, 9
 - «РАХМЕТ» СҮ, МОМЫШҰЛЫ ДАҒҒЫЛЫ, 10
 - «ЖАНҰЯ», БЕЙБІТШІЛІК КӨШЕСІ, 14.
- ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ ОСЫ МЕКЕНЖАЙЛАРДА ОРНАЛАСҚАН «БАРШАҒА МҮМКІНДІК» МОДУЛЬДІК ПУНКТТЕРІНДЕ ҰСЫНЫЛАТЫН БАРЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ТЕГІН ОҚЫП, ЖАҢА КӘСІПТІ МЕНҒЕРЕ АЛАДЫ.**

Жобаның жетекшісі, Астана әкімінің кеңесшісі Дана Жүнісова Joltar-тың негізгі мақсаттары туралы пікір білдірді.

– Бұл жобаға елорда әкімдігі бастамашылық етті және оны іске асыру үшін оның барлық құрылымдары, сондай-ақ жобаның бірлескен операторы болған «Жаңа мүмкіндік» қоғамдық қоры жұмылдырылды. Joltar-тың негізгі мақсаты – халыққа қолдау шаралары бойынша кеңес беру. Жұмысқа орналасу және тұрақты табыс табу алдында практикалық дағдыларды тегін оқытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ өз ісін ашу арқылы кірісті арттыру мүмкіндіктерін таңдауға көмектесу. Бұл жобадан өңірлерден келген жұмыссыздарға, NEET санатындағы жастарға, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек көрсетуге ерекше назар аударылады. Жалпы, жоба тиімді экожүйе

болып саналады, онда әрбір адам өзіне мүмкіндіктер таба алады, – деді жоба жетекшісі. Joltar жобасына қатысушылар 14 мамандық бойынша тегін оқытылады. 52 мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңес береді, атаулы әлеуметтік көмек алуға және бизнес ашу үшін өтінім беруге жәрдемдеседі.

Жоба жетекшісінің айтуынша, жобаның бірінші кезеңінде елордада адамдар көп жиналатын орындарда 10 «Баршаға

мүмкіндік» модульдік пункттері орнатылып, іске қосылды. Өткен жылдың қыркүйек айынан бастап 9 мыңнан астам қала тұрғыны осы модульдік пункттерде кеңес алды, үш мың адам әкімдік басқармаларына мемлекеттік қолдау шараларын алуға өтінім берді.

Екінші кезеңде қысқа мерзімді оқытудың екі бағдарламасы ұйымдастырылды. Жұмыс мамандықтары бойынша (бариста, сатушы-кассир,

қоғамдық тамақтандырудың әмбебап қызметкері, тігінші, сәнгер-конструктор, электр газбен дәнекерлеуші) және цифрлық дағдылар (таргет, SMM, бейнемонтаж, маркетинг-дизайн, веб-дизайн, негізгі цифрлық дағдылар).


Тікелей модульдік пункттерде кеңесшілер жұмыс істейді, олар адамдармен кездеседі, олармен танысады және барлық қызметтер бойынша кеңес береді (мемлекеттік қолдау шаралары, оқуға немесе жұмысқа жіберіледі). Осыдан кейін өтініш берушілермен бірге жүреді және олармен байланыста болады.

– Оқыту барлық қажетті заттармен жабдықталған жекелеген оқу сыныптарында жүргізіледі. Оқытушылар қолданбалы тәжірибесі бар бірқатар тәжірибешілерден таңдалды. Мысалы, «Бариста» курсы 15 жылдық тәжірибесі бар бірнеше ірі кофеханалар желісінің қазіргі баристасын, «тігінші» курсы Еуразиялық Дизайнерлер одағының құрамына кіретін қазіргі тігінші, ал «сатушы-кассир» курсы елдегі ең ірі супермаркеттер желісінің практик-мұғалімдері оқытады. «Электрогазбен дәнекерлеуші» курсы бойынша Ujobanium оқу орталығымен ынтымақтастық жолға қойылған, ол 10 жылдан астам жұмыс барысында 100 мыңнан астам қызметкерді оқытқан, – деді Дана Жүнісова.

Кеше, яғни 8 сәуірде жоба аясында Астанада «Бухгалтерлік есеп негіздері» атты жаңа оқыту курсы басталды. Бір күнде курстан өтуге ниет білдірушілерден 300 өтінім жиналды.

Осы жылдың 1 қаңтарынан бастап 2 мың адам оқытылды, жыл соңына дейін 10 мың тұрғынды қамту жоспарланып отыр.

Дайындаған
Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ



ЖЫЛЫТУ МЕРЗІМІ ҚАШАН АЯҚТАЛАДЫ?

Елорда әкімдігінде жылыту маусымы қашан аяқталатыны туралы айтылды.

Астана қаласы Отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, жылыту маусымының аяқталуы туралы қаладағы ауаның орташа тәуліктік температурасы қатарынан кемінде 5 күн бойы 10 градус жылу деңгейінде орнатылған кезде айтуға болады. Бұл жағдайда Астана әкімдігінде тиісті қаулыға қол қойылады.

«Жылытуды өшіру үшін сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы +10 градус болуы және ол 5 тәулік бойы сақталуы тиіс» делінген басқарма таратқан хабарламада.

Инфрақұрылым нысандарын жылытудан ажырату біртіндеп жүргізіледі. Жеке тұрған өндірістік объектілер мен заңды тұлғалардың

ғимараттары жылу беру маусымы аяқталғанға дейін тұтынушының өтінімі бойынша ажыратылуы мүмкін.

Жылыту маусымы аяқталғаннан кейін көп қабатты тұрғын үйлер ажыратылады. Денсаулық сақтау және білім беру нысандары тұтынушының жазбаша өтінімі бойынша жылыту маусымын ұзарта алады.

«Қазгидромет» РМҚ сәуір және мамыр айларына арналған ауа райының консультативтік болжамына сәйкес, Астанада және елдің солтүстік өңірлерінде ауа температурасы сәуір айының үшінші онкүндігінде 10 градус жылы болады деп күтілуде. Яғни, 20-дан кейін.



Елордада құрылысы ұзаққа созылған тұрғын үйлерді аяқтау жұмыстары жалғасуда. Осыған орай Астанада тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл мәселелері бойынша кеңес өтті.

ҮЛЕСКЕРЛЕР ҮЙСІЗ ҚАЛМАЙДЫ



Басқосуға қалалық полиция департаменті, Құрылыс істері комитеті, тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті, «Қазақстан құрылысшылар қауымдастығы» ЗТБ, «Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» АҚ мен Астана прокуратурасының өкілдері қатысты.

Мамандардың мәлімдеуінше, 2019 жылы қала бойынша 150-ден астам проблемалы үй болса, 2023 жылдың басында ұзаққа созылған үйлердің құрылыс саны 4 087 үлескердің санымен 32-ге дейін қысқарды. Осылайша, 2024 жылға дейін 140-тан астам тұрғын үй кешенінің құрылысы аяқталды және үлескерлерге пәтер кілттері берілді.

2024 жылы бұл мәселе толық шешіледі. Тағы 9 нысан бойынша үлескерлерге кілттерді блокпен тапсыру алдағы айларға жоспарланған, яғни проблемалы деп танылған барлық нысан 2024 жылдың бірінші-екінші тоқсанында аяқталады.

Ағымдағы жылдың ақпан айында «Future home» көпдеуінше, 2019 жылы қала бойынша 150-ден астам проблемалы үй болса, 2023 жылдың басында ұзаққа созылған үйлердің құрылыс саны 4 087 үлескердің санымен 32-ге дейін қысқарды. Осылайша, 2024 жылға дейін 140-тан астам тұрғын үй кешенінің құрылысы аяқталды және үлескерлерге пәтер кілттері берілді.

Үлестік құрылыс нысандарының аяқталуы Мемлекет басшысының бақылауында.

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛАР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

Елордада вандализм актілерімен және қоғамдық тәртіпті бұзушылармен күрес жалғасуда. Кезекті вандалдар ұсталып, жауапкершілікке тартылды.

Кешкі уақытта 28 жастағы азамат Ш.Құдайбердіұлы көшесі, 36/2 үй мекенжайында тұрып, металл бағананы (қақпанын) шарқайрақпен кесіп, бөтеннің мүлкіне қасақана зақым келтірді.

Астананың әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының шешімі бойынша ер адамға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 147-1-бабының 1-бөлігінде көзделген құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, 73 840 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Осындай жағдай наурыз айының басында түнгі 11-де болды. 20 жастағы студент үйде тұрақта жүргенде күзет бекетінің әйнегі сындырды. Вандал кінәлі деп танылып, 20 АЕК көлемінде әкімшілік айыппұл тағайындалды.

«Астанада еріктілер, белсенділер, белгілі спортшылар, ҮЕҰ өкілдері, қала тұрғындарының қолдауымен «Тоқта, вандал!» акциясы жалғасуда. Акция аясында қалада күндізгі және түнгі рейдтер өткізіліп, тұрғындар арасында қоғамдық тәртіпті сақтау және қала мүлкіне ұқыпты қарау қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде» деп хабарлады елорда әкімдігі.

Акцияның мақсаты – вандализмнің кез келген көрінісін болдырмау және елордада тазалық пен тәртіпті сақтау. 2024 жылдың басынан бері елордада вандализмнің 70-ке жуық фактісі анықталды. Барлық құқық бұзушылар жауапқа тартылды.

Вандализмнің алдын алу жұмыстары қалалық прокуратура мен полиция департаментінің үйлестіруімен жүргізіледі.



ЖОЛ ЖӨНДЕУ БАСТАЛДЫ

«Сәуір айы елорданың нашар жөнделген жолдары мен тротуарларының кемшін тұстарын байқатты. Қыстан кейін қалай болса солай жөнделген учаскелер пайда болды» деп атап өтті жақында жүргізілген инспекция барысында елорда әкімі Жеңіс Қасымбек. Оның айтуынша, биыл Астанада жол жөндеу жұмыстары ертерек басталады.



ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСАДЫ

Аралуу барысында қала басшысы ұзындығы 60 шақырымға жуық 50-ден астам көшені жөндеу, тротуарларды, әлеуметтік нысандарға кіреберіс жолдарды, аялдама бұрылыстарын, пандустарды және басқа да жол учаскелерін жабдықтау жоспарланғанын атап өтті. Жол жөндеу жұмыстарын биыл, ең алдымен, жаңа әлеуметтік нысандар бар жерлерде, сондай-ақ тұрғын алаптарда жүргізу жоспарлануда.

Жаңадан тұрғызылып жатқан аудандарға келетін болсақ, ол жерлердегі жолдар инженерлік инфрақұрылым мен үйлердің құрылысы аяқталғаннан кейін ғана салынады деп атап өтті қала басшысы. Сонымен қатар 20-дан астам ірі жобаларға – көшелер, жол тобырлары мен көпірлерге көбірек назар аудару қажет, олардың бір бөлігі биыл аяқталады, ал қалған бір бөлігінде жұмыстар жалғасады.

АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАР

Ақпан айында елордалық мәслихат отырысында Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының 2024 жылға арналған жоспарлары туралы есебі тыңдалды. Отырыс барысында ведомство

басшысы Асхат Қарағойшин Тәуелсіздік даңғылы бойында көпір салу, Ш.Айтматов пен Т.Рысқұлов көшелерін кеңейту, сондай-ақ Vinom мектептеріне баратын арнайы трассалар мен жолдарды қоса алғанда, аяқталған жобалар туралы баяндама жасады. Басқарма басшысының айтуынша, тұрғын алаптарда 7 жоба аяқталып, 40 жылы аялдама орнатылып, аудан әкімдіктерімен оларды іске қосу келісілді.

2024 жылға жоспарланған жобалар, соның ішінде Тәуелсіздік даңғылы бойындағы көпірдің айналасын абаттандыру, жаңа көшелер, Кенесары көшесіндегі Есіл өзені арқылы өтетін көпір, ҚазГЗУ ауданында жол тобырларын салу туралы баяндады. Солардың ішінде ең маңыздысы – көшпенділердің дүниежүзілік ойындары үшін инфрақұрылым құру және Ильинкадағы жобалар.

Сондай-ақ Интернациональный, Тельман, Комсомольский, Мичурин тұрғын алаптары мен Оңтүстік-шығыс шағын ауданының сол жағын дамыту жөніндегі жұмыстар жалғасады.

Отырыс барысында қалалық мәслихаттың депутаттары осыдан 3-4 жыл бұрын басталған Оңтүстік-шығыс шағын ауданындағы көшелердің құрылысын аяқтау қажеттілігі туралы пікір білдірді. №15 округте

тоқтап тұрған жобалар туралы өтініштер енгізілді, соның салдарынан ауданда көлік жүрмейді. Агроробот көшелерін, аяқталмаған Ақан сері көшесін абаттандыру туралы мәселелер көтерілді. Сарыарқа даңғылын ескі вокзалға қарай жалғастыру ұсынылды.

«Жайлы мектептер» жобасын іске асыру аясында қазірдің өзінде болашақ нысандарға кірме жолдар туралы мәселені қарастыру қажет деген пікір айтылды. Бұл ретте ретсіз орнатылған жол белгілерінің жиі орналасуы туралы мәселені шешуге назар аударған жөн.

ТРОТУАР ЖЕЛІЛЕРІ КЕҢЕЙЕДІ

Сарыарқа ауданы әкімдігі баспасөз қызметінің мәліметінше, ағымдағы жылы ауданда 20 көшеде, оның 14-і – тұрғын алап, орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Сонымен қатар олар 6 көшеге тротуар орнатуға уәде берді. Бұл жұмыстардың әкімшісі – Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы.

2024 жылға арналған абаттандыру жоспары әзірленді, бұл орайда тротуар желілерін жайластыру, жөндеу және кеңейту жұмыстары жүргізіледі. Ағымдағы жылы тарихи көше-

лерді қайта жаңарту аясында аудан әкімдігі Гете, Біржан сал көшелерін және Республика даңғылын (Мәскеу көшесінен аяқталмаған Ақан сері көшесіне дейін) қоса алғанда, Астана-1 вокзал маңындағы алаңға күрделі жөндеу жүргізуді жоспарлап отыр, онда тротуар желілерін кеңейту және учаскені жаңарту, аула аумақтарын абаттандыру, көгалдандыру және т. б. жұмыстар жүргізіледі. Сондай-ақ жол төсемдерін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жоспарлануда.

САПАСЫЗЫ ЖӨНДЕЛЕДІ

Астана қаласы Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы баспасөз қызметінің хабарлауынша, жыл сайын жол-құрылыс жұмысы маусымы басталар алдында көше-жол желісіне тексеру жүргізіледі. Бүгінде осындай тексеру жүргізілді. Қаланың жол-көше желісінің жай-күйін кешенді талдауға сәйкес, қанағаттанарлықсыз жағдайда тұрған көшелер анықталды. Барлық анықталған ақау бойынша жөндеу жұмысының кестесі бекітілді. Осылайша, биыл 51 көшеге жөндеу жұмысы жүргізіледі. Атап айтсақ, Сығанақ көшесі Ш.Айтматов көшесінен Қабанбай батыр даңғылына дейін, С.Сейфуллин

көшесі К.Күмісбеков көшесінен Сарыарқа даңғылына дейін, Тәуелсіздік даңғылы Ж.Нәжімеденов көшесінен А.Байтұрсынов көшесіне дейін жөнделеді.

Сондай-ақ ағымдағы жылы қаланың 200 көшесіндегі шұңқырларды жөндеу жоспарланып отыр. Көше-жол желісін көктемгі тексеру барысында ақаулар анықталды, онда жөндеу жұмыстары 2021-2022 жылдары жүргізілді.

Қала әкімдігі сапасыз жолды өз ақшасына жөндейтін компаниялардың тізімін жариялаған болатын. Олар: Жетіген көшесі (А.Пушкин көшесінен Ж.Досмұхамедұлы көшесіне дейін) – «Сотис групп» ЖШС; А.Иманов көшесі (А.Янушкевич көшесінен Ш.Уәлиханов көшесіне дейін) – «Айя Сервис» ЖШС; Алаш тасжолы (жол өтпесінен Жолымбет көшесіне дейін) – «Айя Сервис» ЖШС; Мәңгілік ел даңғылы (М1 көпірінен Бұқар жырау көшесіне дейін) – «Компания Энергодор» ЖШС; Қабанбай батыр даңғылы (Сарайшық көшесінен Қорғалжын тасжолына дейін) – «Сотис групп» ЖШС; Жеңіс даңғылы (Е.Есенберлин көшесінен Бөгенбай батыр даңғылына дейін) – «Сотис групп» ЖШС; Р.Қошқарбаев даңғылы (Қордай көшесінен М.Төлебаев көшесіне дейін) – «Сотис групп» ЖШС; Еңлік-Кебек көшесі (Сұлтан даңғылына дейін, С.Сейфуллин

көшесіне дейін) – «РЕКМА КЗ» ЖШС. Барлық жұмыс жоспарлы түрде және ауа райы қолайлы болғанда атқарылады.

Мамандардың мәлімдеуінше, учаскелердің жабылуынан туындаған уақытша қолайсыздықтар ұзаққа созылмайды, бірақ жолдар жақсарды және жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШТЕРІ ҚАБЫЛДАНАДЫ

Елорда тұрғындары мен қонақтарына ыңғайлы болу үшін 2018 жылдан бастап iKomek109 бірінші байланыс орталығы жұмыс істейді, онда жол төсемінің қанағаттанарлықсыз жай-күйі бойынша өтініш жіберуге болады. Сонымен бірге өтініштер:

- * iKomek109 мобильді қосымшасы арқылы (App Store/Play Market);
- * әкімдіктің astana.gov.kz сайты арқылы;
- * [nursultanikomek109_bot](https://t.me/nursultanikomek109_bot) Telegram-боты арқылы;
- * Smart Astana (App Store/Play Market) қосымшасы арқылы;
- * 109 ikomekastana.kz электронды поштасы арқылы да қабылданады.

Дайындаған
Шолпан АҚБАЛАЕВА,
Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ



№42 (4630) 09/04/2024 Сейсенбі

С абақтастық пен бірізділік деп отырғанымыз, ұстағандық бағдарламадағы әрбір сөз Ұлы дала тұлғалары: әл-Фараби, Абай, Алаш қайраткерлерінің ел туралы идеялары және асқақ мұраларымен тікелей байланысып, толық үндеседі. Шынында да, заманы басқа болса да, бабалардың ел болу туралы рухани мұралары қашанда мәңгілік екені анық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы бүкіл ұлттық байлықтың ат төбеліндей 162 адамның қолына шоғырлануын, қазіргі азық-түлік бағасының күнде өсіп жатқан жағдайында халықтың жартысының 50 мың теңгемен күн көріп жатқанын ашық айтты. Шынында да, ұлттық байлығымыз халықтың игілігіне айналып, ат төбеліндей олигархтардың және олармен біте қайнасқан мемлекеттік шенеуніктердің қолында кетті. Экономика да тек шикізатты өндіруге және оның өнімдерін сатуға арналып, оның пайдасын халық көре алмады. Бұл қасірет неден? Бізде материалдық игілік жеткілікті болғанмен, адамдар жаңа өмірге, әділ қоғамды қалыптастыруға дайын болмай шықты. Міне, басты қасірет осында. Осыған қарамастан, біз «алдымен экономика, содан кейін саясат» ұстанымында болдық. Сөйтіп барлық күш-жігерімізді материалдық байлықты жасауға жұмсадық. Бірақ оны халыққа әділ бөлетін жауапты тұлғалар дайын емес еді. Олар әуелі өздерінің қамын ойлады. Сондықтан әуелі саяси жолмен адамдардың ұлттық сана-сезімін оятудан бастау, сөйтіп, халықты бақытқа жеткізудің шынайы жолын таңдау керек еді. Ұлттық құрылтайдағы «Адал адам» ұғымы арнайы қарастырылып, әділетті мемлекет құру үшін оның азаматтары да адал болуы шарт деген қорытынды жасалған. Өйткені арлы адам әділетсіздікке бармайды. Ол солай болғанда ғана қоғам түлеп, жаңарып, әділ болады дегенді аңғартады. Ендеше адал қоғамның білігі де әділетті саясат жүргізуі керек. Адалдыққа бой ұрған қоғам мүшелерінің қатары өскен сайын әділ қоғамның орнау мүмкіндігі арта түседі. Бұл миссияны орындаудағы басшының рөлін анықтауда біз тәжірибені ешқандай аспаннан немесе басқа елдерден іздемей-ақ, тағы да Ұлы дала тұлғаларының ілімдеріне жүгінуіміз қажет. Шығыстың ғұлама-данышпаны Әбунасыр әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындары» атты шығармасында ортағасырлық түркі мемлекеттерінің ішіндегі өркениеттісі – Қарахандар мемлекетін жетілдіріп, демократия мен әділдіктің үлгілі идеяларын ұсынған еді. Мысалы, қоғамдағы басшылар туралы әл-Фарабидің ілімінен үзінділер келтірейік: «Бірінші басшы ғылымы, білімі жетілгені сонша, бұл жөнінде өзіне басшылық ететін басқа адамға мүлдем тәуелді болмайтын дәрежеде шын жетілген адам... бұл адам бақытқа жеткізетін әрекеттерді белгілеуге және оларға бағыт сілтеуге тамаша қабілетті. Бірақ бұл жаратылыс қасиеттері өте тамаша, абзал адамдарға, яғни жандары әрекетшіл-парасатпен бірге біткен адамдарға ғана тән» деп сипаттама берген. Ал осыған керісінше атаққұмар басшылар туралы: «...барлық әдіс-тәсілді қолдана отырып, өзінің және өз балаларының атын мәңгі қалдыруға, өз балаларын өзінің ескерткіші етіп қалдыру, өз балаларына немесе өз руына өкімет билігін қалдыруға тырысуы, ...байлықты басып алып, оны басқаға пайдаландырмауы, ...дүниені үсті-үстіне жинай беруі... содан кейін ол адамдардан алшақтай түседі» дейді ойшыл. Сонымен



АСЫЛ МҰРА

әл-Фараби ілімі және «Әділетті Қазақстан – адал азамат – озық ойлы ұлт» бейнесін қалыптастыру қағидалары

Халық қолдауының арқасында еліміз жаңа кезеңге қадам басып, әділетті Қазақстанды құруға кірісті. Саяси жаңғырудың экономикалық негіздері жасалып, реформалар кешенді сипатқа ие болып, ол күнделікті өмірде түбегейлі өзгерістерге ұласып келеді. Осындай жағдайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында еліміздің болашақтағы бейнесін «Әділетті Қазақстан – адал азамат – озық ойлы ұлт» деп ұштағандық ұлт бағдарламасы арқылы бекемдеді. Бұл бағдарламаға үңіліп қарасақ, қазіргі жүргізіліп отырған мемлекеттік саясат сабақтастық пен бірізділік қағидатқа негізделгенін көруге болады.

қатар бұл «әрекетшіл-парасатты адамның басшылығы – бірінші басшылық, ал қалғандарының бәрінің басшылығы – кейінгі басшылық және сол біріншіден тарайтын басшылық. Бұл – айқын нәрсе» деп тұжырымдайды ойшыл. Айттылып отырған басшылықтың бұл жүйесі қазіргі біздің мемлекетіміздегі президенттік басқару жүйесіне сәйкес келеді. Әрі қарай әл-Фараби «осы әрекетшіл-парасатты, әділетті бірінші басшыға бағынатын адамдар – қайырымды, абзал, және бақытты адамдар. Егер бұл адамдар халық болып құрылса, онда бұл халық – қайырымды халық, ал егер бұл адамдар бәріне ортақ жерге қоныстанып біріксе, онда осындай басшылықпен біріккен бәріне ортақ қоныс – қайырымды қала» деген маңызды қорытындыға келеді (бұл жерде айта кету керек, әл-Фараби заманындағы Қарахандар мемлекеті бірнеше қала-мемлекеттерден құрылған болатын. Сондықтан данышпанның «қайырымды қала» деген сөзін «мемлекет» деп түсінуіміз керек).

Аталған мемлекет Ата заңының негіздерін жасаған әл-Фарабидің замандасы Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білігінде»: «кісіге екі дүниеде пайдалы нәрсе ретінде «ізгі іс пен әділдікті» атап, бұл арқылы адам шын бақыт табады» дейді. Сөйтіп, түркі дәуіріндегі екі ойшылдың да тұжырымы бойынша елде әділетсіздік жойылып, әділдік орнағанда ғана игілікке қол жетіп, қоғамда бақыт орнайды. «Әділетті Қазақстанды құру үшін әрбір отандасымыз адал азамат болуға ұмтылуы қажет» деп Мемлекет басшысы қағидатты сөзін айтты. Біздіңше, бұл сөзге қазақ елінің әрбір азаматы ерекше мән беруі керек. Өйткені бұл – Ұлы даланың рухани құндылығы ретінде ежелден келе жатқан қасиетті ұғым. Мәселен, Әбу Насыр әл-Фараби адам міндетті түрде адал ниетті болу керек деп есептейді. Өйткені жақсы іс ізтеп, мұның төлеуін

күтсе, адам бұл ісін жамандыққа айналдырады. Сонымен бірге философ ел басқару ісінде халыққа адал қызмет бірінші орында тұруы тиіс деп есептейді. Өйткені әл-Фараби өмір сүрген замандағы Қарахандар мемлекетінің өркениетті болып қалыптасуы үшін қала-мемлекеттерді басқаруда әділеттілік мәселесі өте маңызды еді.

Әл-Фарабидің ел басқару жөніндегі ілімдерін ғалым, мемлекет қайраткері Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» шығармасында әрі қарай заң



Ұлы дала тұлғаларының рухани мұраларын сабақтастықпен жалғастырған данышпан Абай отаршылдық жағдайдағы қазақ елінің алдыңғы қатарлы, азат ел болудың жолын саралай отырып: «Адалдық – әрбір дүниенің бастауы. Құдайға, еліңе, ата-анаңа, ұстаздарыңа, махаббатыңа, достыққа, ең бастысы өзіңе «адал» болу – ұрпағыңа қалатын ең үлкен мұра, «қандай тірлік істесең де адал істе, бос жатпа, кәсіп тап, еңбек ет» дегенді насихаттайды. Ендеше Әділетті Қазақстан және адал азамат ұғымындағы адал азамат ұғымының ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс

жүзінде қолданысқа енгізудің жолдарын белгілеп берді. Ойшыл 4105 бөлігінде: «Адал болғын, біл, адалдық – киелі, бектер орында тұруы тиіс деп есептейді. Өйткені әл-Фараби өмір сүрген замандағы Қарахандар мемлекетінің өркениетті болып қалыптасуы үшін қала-мемлекеттерді басқаруда әділеттілік мәселесі өте маңызды еді.

Ұлы дала тұлғаларының рухани мұраларын сабақтастықпен жалғастырған данышпан Абай отаршылдық жағдайдағы қазақ елінің алдыңғы қатарлы, азат ел болудың жолын саралай отырып: «Адалдық – әрбір дүниенің бастауы. Құдайға, еліңе, ата-анаңа, ұстаздарыңа, махаббатыңа, достыққа, ең бастысы өзіңе «адал» болу – ұрпағыңа қалатын ең үлкен мұра, «қандай тірлік істесең де адал істе, бос жатпа, кәсіп тап, еңбек ет» дегенді насихаттайды. Ендеше Әділетті Қазақстан және адал азамат ұғымындағы адал азамат ұғымының ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс.

Мемлекет басшысы қазіргі заман талабына сай түрлі ғылымды оқыту, жас ұрпақтың қалауына лайық білім беру кешені арқылы озық ойлы ұлтты қалыптастыру керектігін алға қойды.

«Озық ойлы ұлт» – елдің ғасырлар бойы жинақталған құндылығын әлемге паш ете алатын бірегей сапа. Озық ойлы қоғам туралы әл-Фарабидің, Абайдың және Алаш зиялыларының жазған еңбектерін айтуға болады. Әл-Фараби: «адам өзінің барлық ісінде тек көптеген адамның бір қонысқа біріккенде ғана ең жоғары дәрежеде қажетті нәрсеге қолы жетеді» деген. Бұл жерде философияның «адамдардың бір қонысқа бірігуі» деген сөзді



Мемлекет басшысының «озық ойлы ұлт алға қарауы керек» деген идеясы, біздің ойымызша, болашақтағы жаңашылдық, өсу және әлеуметтік дамуды көздейтін көзқарасты көрсетеді. Өйткені алға қарауға екпін беру инновациялар мен прогреске ұмтылу міндетімен танытады. Прогрессивті ұлт өмір сапасын жақсарту және экономикалық дамуды ынталандыру үшін технология, ғылым, білім және басқа салалардағы жетістіктерге басымдық береді.

Мемлекет басшысының осы «озық ойлы ұлт» идеясының тамаша көрінісін XX ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлерінің іс-қызметінен көреміз.

Олар тек өздері ғана озық ойлы тұлғалар болып қана қоймай, қазақ жастарының озық ойлы болуын армандап, оның орындалу жолдарын іздетті. Алаш ұлт-азаттық қозғалысы бағдарламасының түп негізі және алғашқы жобасы – «Қарқаралы петициясында» (1905 ж.) қазақтар үшін медресе, мектеп ашуды алға қойғаны мәлім. Бұл, шын мәнінде, сол кездегі қазақ елінде озық ойлы ұлтты қалыптастырудың алғышарты болатын. Петиция авторларының басым көпшілігі Ресей университеттерінде білім алып, Еуропаның озық ойлы саяси-құқықтық ой-пікірлері ілімдерінен сусындаған еді. Олар сол идеяларды қазақ халқы өмірінің шындығына сәйкестендіріп, оны ұтымды пайдалану мақсатын көздеді. Өйткені көп жылғы отаршылдық саясаттың салдарынан кезінде сауаттылық, шешендік, даналық сияқты қазақтың хандық дәуіріндегі асыл қазыналар мен рухани құндылықтар жойыла бастаған еді. Осы жағдайды дер кезінде байқаған Алаш зиялылары елді алға дамытуда, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтауда ел бастай алатын білімпаз, ұлтына жан-тәнімен берілген дарынды, озық ойлы жастардың рөліне ерекше мән берді.

Жалпы жоғарыда айтылғандардан біз нені көреміз?! Біріншіден, Мемлекет басшысы атаған ұштағанды бағдарламаның бір-бірімен тығыз логикалық тұрғыда байланысты және бірінсіз-бірі сәтті жүзеге аспайтынын көруге болады. Екіншіден, Ұлы дала тұлғаларының ілімдері уақыт озған сайын дәуір талабына сай, тәуелсіз елдің ұрпақтары үшін әр қырынан өсіп-өркендеп отыратын асыл мұралар ретінде ұлт санасында орын алуы тиіс.

Ұлы ойшылдың пікірінше, адамның кемелденуіне ең басты ықпал етуші күш – білім. Ұлы бабамыздың білім мен тәрбиені ұштастыра жүргізу хақындағы ой-тұжырымы ғасырлар бойы өмір шындығынан туған қағидаға айналды. Қазіргі біз алға қойып отырған озық ойлы ұлтты қалыптастырудағы алғышарт та осы данышпан бабамыздың айтқанында жатыр.

Озық ойлы жастарды қалыптастыру үшін олардың ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талаптану жолында болуы шарт.

«Ар-ождан алдындағы адалдық өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланысты» деп әл-Фараби атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туған кезінен басталуы керек.

«Еліміздің түкпір-түкпірінде білім ошақтары, соның ішінде «жайлы мектептер» ұлттық жобасы жүзеге асып келеді. Мұндағы «жайлы мектеп» – барлық стандартқа жауап беретін, жаңаша жабдықталған, қолайлы жағдай жасалған мектеп. Алайда бұл мектептер тек материалдық-техникалық базасымен ғана емес, білім беру мазмұнымен де ерекшеленуі қажет. Яғни олар озық ойлы жастарды тәрбиелеуді көздейтін, ұлттық идеологияны дәріптейтін, білімді, білікті, болашақта ел тізгінін ұстар азаматтарды қалыптастыратын білім ошақтары болмақ. Жаңаша ойлайтын өнертапқыш балалар мектеп қабырғасында айқындалып, жоғары мектепте дамып, мемлекет тарапынан қолдау тауып, инновациялық дамудың алғышарттарын қалыптастыруы қажет.

Мемлекет басшысының «озық ойлы ұлт алға қарауы керек» деген идеясы, біздің ойымызша, болашақтағы жаңашылдық, өсу және әлеуметтік дамуды көздейтін көзқарасты көрсетеді. Өйткені алға қарауға екпін беру инновациялар мен прогреске ұмтылу міндетімен танытады. Прогрессивті ұлт өмір сапасын жақсарту және экономикалық дамуды ынталандыру үшін технология, ғылым, білім және басқа салалардағы жетістіктерге басымдық береді.

Мемлекет басшысының осы «озық ойлы ұлт» идеясының тамаша көрінісін XX ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлерінің іс-қызметінен көреміз. Олар тек өздері ғана озық ойлы тұлғалар болып қана қоймай, қазақ жастарының озық ойлы болуын армандап, оның орындалу жолдарын іздетті. Алаш ұлт-азаттық қозғалысы бағдарламасының түп негізі және алғашқы жобасы – «Қарқаралы петициясында» (1905 ж.) қазақтар үшін медресе, мектеп ашуды алға қойғаны мәлім. Бұл, шын мәнінде, сол кездегі қазақ елінде озық ойлы ұлтты қалыптастырудың алғышарты болатын. Петиция авторларының басым көпшілігі Ресей университеттерінде білім алып, Еуропаның озық ойлы саяси-құқықтық ой-пікірлері ілімдерінен сусындаған еді. Олар сол идеяларды қазақ халқы өмірінің шындығына сәйкестендіріп, оны ұтымды пайдалану мақсатын көздеді. Өйткені көп жылғы отаршылдық саясаттың салдарынан кезінде сауаттылық, шешендік, даналық сияқты қазақтың хандық дәуіріндегі асыл қазыналар мен рухани құндылықтар жойыла бастаған еді. Осы жағдайды дер кезінде байқаған Алаш зиялылары елді алға дамытуда, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтауда ел бастай алатын білімпаз, ұлтына жан-тәнімен берілген дарынды, озық ойлы жастардың рөліне ерекше мән берді.

Жалпы жоғарыда айтылғандардан біз нені көреміз?! Біріншіден, Мемлекет басшысы атаған ұштағанды бағдарламаның бір-бірімен тығыз логикалық тұрғыда байланысты және бірінсіз-бірі сәтті жүзеге аспайтынын көруге болады. Екіншіден, Ұлы дала тұлғаларының ілімдері уақыт озған сайын дәуір талабына сай, тәуелсіз елдің ұрпақтары үшін әр қырынан өсіп-өркендеп отыратын асыл мұралар ретінде ұлт санасында орын алуы тиіс.

Сатай СЫЗДЫҚОВ,
«Еуразия тарихы мен мәдениетін зерттеу» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор

ОРАЗА АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын! Баршамызды ораза айтқа аман-есен жеткізген Аллаға сансыз шүкірлер болсын!

Қадірлі қауым! Сіздерді иісі мұсылманның ұлық мейрамы – ораза айттың келуімен шын жүректен құттықтаймын! Айт қабыл болсын! Қасиетті Рамазанның аяқталғанын білдіретін мейрамда, жүрекке мейірім, қуаныш сезімі ұялайтын сәулелі сәтте сіздерге, отбасыларыңызға риясыз ниетпен Алланың аман-дәулеті мен берекесін тілеймін. Жаратқан жар болсын! Алла Тағала отыз күн бойы ұстаған оразамазды, жасаған дұғамызды, орынды себептермен ауыз бекіте алмай қалған жандардың қа-



йырлы амалдарын қабыл етпей!

«Айт» сөзі – мерекелеу, хал сұрасу, бір-бірін қуанту, қуанышқа топталу, қарымта деген мағынаны білдіреді. Жаратушы Жаббар Иеміз: «...Олар Мен үшін ораза ұстады, Менің перменіммен ауыз ашты, енді қуанышқа келесін...» деп сүйінші хабар жеткізген. Жаратушы Иеміз барша мұсылман қауымның қуанышын арттырай! Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қасиетті Рамазан айында еліміз бойынша қайырымдылық жобаларды жүзеге асырды. Сауаптар еселеніп жазылатын берекелі айда игі іске атсалысқан еріктілерге, демеуші азаматтар мен жомарт жандарға риясыз ниетпен айрықша алғысымды

білдіремін. Алла разы болсын!

Ораза айт – отбасылық мереке. Мейрам күні сыйлық беріп, қуанышқа бөлеу – сауапты іс. Көмекке мұқтаж адамға қайырымдылық жасау да сауабы мол амалдың бірі. Өздеріңізге белгілі, еліміздің бірнеше аймағында болып жатқан көктемгі су тасқыны жергілікті ағайын-жұртты үрейлендіріп, үлкен әбігерге салуда. Үйі мен мал-дүниесінен айырылған отбасыларға мемлекетіміз тиісті көмек көрсетуде. Осы ретте барша мұсылман қауымын ораза айт күндері сынақты күндерді бастан кешіп жатқан жұртымызға қол ұшын беріп, жүректеріне қуаныш ұялатуға шақырамын. «Қайырымдылық жасасаң – қайырым өзін көресің»

деп халқымыз айтқандай, ізгі істің сауабы еселеніп, қайырым өздеріңіз көріңіздер.

Ораза айт мерекесі құтты болсын! Раббымыз дұға-тілегімізді, қасиетті айда жасаған қайырымды істерімізді, берген зекет пен пітір садақамызды қабыл етпей! Әр отбасына амандық, жақсылық, құт-береке тілеймін. Оразадан оразаға дейін аман-есен жете берейік! Алла Тағала қазақ даласын түрлі табиғи апаттардан сақтағай. Сынақты сәттерді бастан кешіп жатқан жерлестерімізге Жаратқан Иеміз жар болғай. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Әумин!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ төрағасы, бас мүфти

ДІНИ АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, ЕЛОРДА?

Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысында елордадағы діни ахуал талқыланды. Тиісті баяндаманы қалалық Дін істері жөніндегі басқарма басшысы Қайролла Көшқалиев жасады.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Оның айтуынша, жалпы алғанда, Астанадағы діни ахуалды тұрақты деп сипаттауға болады. Бірақ ерекше бақылауды қажет ететін жайттар да бар. Осы күні елорда аумағында 14 конфессиядан 56 діни бірлестік тіркелген. Соның ішінде ислам дініндегі 16 бірлестік (1 – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ), 15 – ҚМДБ филиалдары), Орыс православ шіркеуі – 6, Рим-католик шіркеуі – 4, протестанттық – 28, иудаистік – 1, бахаи – 1, кришна – 1.

Қазіргі уақытта бас қала аумағында 33 ғибадат ғима-

раты қызмет көрсетеді (ислам діні – 15, православтық – 4, католиктік – 3, протестанттық – 10, иудаизм – 1). Ал ғибадат ғимаратының сыртында діни рәсімдерді жасауға рұқсат етілген 19 ғимарат тіркелген. Соның біреуі – жетінші күн адвентистерінің жергілікті шіркеуінің ғимараты және 18 намазхана. Намазханалар «Rixos Prezident Astana» қонақүйінде, «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығында, «Редиссон» қонақүйінде, «Керуен», «MEGA Silk Way», «Абу-Дабби Плаза» сауда-ойын-сауық орталықтарында, «Тандау» ЖШС-те, «Нұрсұлтан Назарбаев» халықаралық әуежайында, «Нұрлы жол» теміржол вокзалында, «Амара инвест» ЖШС-те (хоспис), «Болашақ»

бизнес орталығында, Халықаралық қаржы орталығы ғимаратында, «Дара-2006» ЖШС-те, «Қазмедиа орталығы» ғимаратында, «Automart» ЖШС-те, «Сарыарқа» сауда-ойын-сауық орталығында, «Сауған» сауда орталығында, «Глобал Деволопмент» ЖШС-те ашылған.

Елорда аумағында ресми тіркелген 43 миссионер жұмыс істейді. Соның ішінде Польша азаматтары – 6, Үндістан – 3, Украина – 2, Германия – 6, Ресей Федерациясы – 12, АҚШ – 3, Словения – 1, Беларусь – 1, Қырғыз Республикасы – 1, Өзбекстан – 2, Қазақстан – 5, Ұлыбритания – 1.

«Қазақстан халқының құндылықтарын дамыту тұжырымдамасын әзірлеу және өске-

лең ұрпақ арасында дәстүрлі құндылықтарды қалыптастыру мақсатында биыл 5 наурызда Достық үйінде елорданың діни бірлестіктері өкілдерінің қатысуымен «Саған шексіз алғыс, туған жер» дөңгелек үстел мәжілісі өтті» деді Қайролла Көшқалиев.

Елордадағы діни-ағарту жұмысына тоқталған баяндамашы бас қала аумағында «Астана медресе» колледжі жұмыс істейтін жеткізді. Онда қазір 166 студент (97-сі – ер бала, 69-ы – қыз бала) оқып жатыр. 2020 жылдан қала әкімдігі тарапынан имам-хатыб мамандығына 200 грант бөлінді.

Астана аумағында жамағатқа тиесілі 6 қайырымдылық мекеме қызметін жүзеге асырады. Бұл – «Отырар» қайырымдылық мекемесі, «Ақмола» қайырымдылық мекемесі, «Астана» қайырымдылық мекемесі, «Ескендір» қайырымдылық мекемесі және «Ақ қорған» қайырымдылық мекемесі. Мұнда 143 бала оқып жатыр.

«Қазіргі уақытта ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті Астана қаласы басқармасының шешімімен қайырымдылық мекемелері қызметін тексеру жүріп жатыр. Осы жылдың басынан «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының талаптарын бұзғаны үшін, сондай-ақ қоғамда діни алауыздық тудырғаны үшін 36 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Астана қаласының арнайы ауданаралық әкімшілік соты 11 құқық бұзушыға 1916000 сомасында айыппұл салды. Құқық бұзушылығы ұсақ болып саналғандықтан, 25 адамға ескерту беріліп, аталмыш заң талаптарын түсіндіру бойынша профилактикалық жұмыс жүргізілді» деді Қайролла Көшқалиев.

Жуырда Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының ғимаратында діни экстремизм мен терроризм идеологиясы таралуының алдын алу мақсатында ақпараттық-түсіндіру дәрісі өтті. Оған аталмыш басқарма қызметкерлері мен басқармаға қарасты мекеме басшылары және елордалық діни бірлестік өкілдері қатысты.

СПОРТШЫЛАРҒА ДӘРІС ОҚЫДЫ



Жиын барысында Астана қаласы Дін істері жөніндегі басқарма басшысы Қайролла Көшқалиев, бөлім басшысы Жандос Хабибулла және Діндерді зерттеу орталығының теологы Әділхан Жақсыбек дәріс оқыды.

Аталмыш шара елімізге белгілі бапкерлер мен спортшылардың радикалды діни

ағымдарға еріп кетпеуі, экстремизм мен терроризмнің құрбаны болмаудың алдын алу мақсатында ұйымдастырылды. Сонымен қатар әңгіме отбасы құндылығы, әсіресе спорттағы бала тәрбиесі, ар-ұят, имандылық қасиеттер төңірегінде өрбіді. Іс-шараға қатысқандар дін мамандарына сұрақ қойып, пікір алмасты.

ТӘРБИЕ – ҚИЫН ІС

Астана қаласында тұратын қарапайым мұғалім-мін. Мені қазір мазалайтын мәселенің бірі – тәрбие. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең құл болады». Яғни дұрыс білім бермей, әр оқушыны тәрбиелі алмаймыз, ал берген білімнің тәлім-тәрбиеге ықпалы болары анық.

Қазіргі технология төрімізге озған заманда әрбір мұғалім өзінің негізгі миссиясы – баланы дұрыс оқыту, жақсы тәлім-тәрбие беру, ізгілік пен сауаттылықта үлгі-өнеге көрсетуі тиіс екенін естен шығармағаны жөн. Себебі мұғалім – білім беру саласының қызметкері, ол тек қана оқытпайды, осы саланың дамуына қызмет етеді. Демек, ол әр оқушының дамып-жетілуіне, тәрбиелі адам болып қалыптасуына да көңіл бөледі. Мектепте өзінің сүйіспеншілігі мен мол тәжірибесін аямай жұмсайтын мұғалімдер әрқашан жұрттың назарында болады.

Ежелгі дүниенің данагөйі Конфуцийден мынадай нақыл сөз қалыпты: «Жақсы адамды көргенде оған теңелу жайында ойлан, ал жаман адамды көргенде (өзіңнің өне бойыңда сондай кемшіліктер болып жүрмесін деп сақтанып) өзіңді-өзің зертте». Бұдан шығатын қорытынды, жақсы адам болып қалыптасуы бала кезден, өскен ортасынан, мектептегі мұғалімдерінен бастау алады. Балаларды жақсылыққа, ізгілікке сендіруге орайлы жасында аянып қалмауымыз қажет. Сондықтан әрбір оқушыға жағымды ықпал ететін ең басты нәрсе – балаға сенімдерді шатаспай тандай білуіне көмектесу маңызды. Бәрінен де маңызды нәрсе – әр оқушыға деген шынайы сүйіспеншілік. Мұндай өнер екінің бірінің бойынан табыла бермейтіні рас. Бірақ бұл өнерге құлық қойып, үйренуге болады. Оның жолы өте ұзақ. Осы жолмен сүрінбей жүріп өту үшін сенім, ықылас және өз-өзіңе деген сүйіспеншілік керек. Егер сен өзіңді бағалап, жақсы көре алмасаң, басқа

адамды қалай жақсы көресің?! Жақсы тәрбиеге апаратын тура жолдың бірі – көз жеткізу. Өзіңнің бағытыңның дұрыстығына көз жеткізіп ал. Содан кейінгісі жеңіл және сапалы іс болып түзіледі. Яғни баланы тәрбиелеу үшін мұғалімдер әуелі өз-өзін тәрбиелесе нұр үстіне нұр болар еді. Олай болмаған жағдайда, тәрбие ізгілік жолымен жүрмейді. Әр оқушы өзінің деңгейінде, өзінің қаласында өмір сүріп, ортасының ықпалымен өсіп-жетіледі. Қазір неге ата-аналар, мұғалімдер әр баламен ашық сырласып, ұзақ сөйлеспейді? Өйткені айналадағы болып жатқан процестер (мұғалімнің білімге ғана назарын аударуы, ата-анасының дұрыс көңіл бөлмеуі, ақпарат технологияларының жағымсыз ықпалы, рухани экспансияның жемісі) баланы өз ағынымен «ағызып» әкете береді. Сол себептен әрқайсымыз философ Сократтың: «Тәрбие – қиын іс, бірақ сол тәрбиеге жағдай жасау – әр адамның ең елеулі борышының бірі. Өйткені өзіңді және жақындарыңды білімді, тәрбиелі етуден маңызды еш нәрсе жоқ» деген сөзін әрдайым жадымызда ұстасақ ұтамыз.

Заманауи оқушыны тәрбиелеуге де заманауи ұстаным керек. Әр оқушының жүрек қалауын түйсіне отырып, оның жақсы көретін, үнемі назарда ұстайтын нәрселеріне құрметпен қарасақ, жақсы нәтижеге жетеміз. Осыны бәріміз есте ұстайық!

Айгүл ТЕМІРЖАНҚЫЗЫ,
Астана қаласындағы
№53 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі

ЖАҢА ЖОБА – ЖАҢА МАЗМҰН

Білім беру мекемелерінде креативті жаңа жобаларды енгізу және көптеген әдісті қолдана отырып, жаңа мазмұнды білім беру жүйесі құрылуда. Жаңашылдықты енгізуде оқушылардың бойында жеке тұлға ретінде қалыптасуына тікелей септігін тигізетіндей меңгертуге тиіс жобалардың болғаны дұрыс.

Мектебімізде бірнеше жылдан бері «Lesson Study» зерттеуге бағытталған жоба өз жолын тапқан болатын. Жобаның басты мақсаты – сабақты зерттеу үдерісінде ненің тиімді болғанын және алдағы уақытта нені өзгерту қажеттігін талқылай отырып, анықталған қиындықтарды бірлесіп шешу. Бастауыш сынып оқушыларының қабілетін дамытуда баланың мүмкіндігін ескеріп отыру абзал. Оқушылардың жас ерекшелігіне сай оқу үдерісінде қолайлы тәсілдер жетістікке жетуге мүмкіндік туғызады. Жобаны іске асыру мақсатында оқу жылының басында мектепте зерттеу топтары құрылды. Зерттеу топтарында зерттеу кестесі жасалып, сабақты зерттеу тобының жұмыс жоспары белгіленді. Зерттейтін сыныпты таңдау себебі – сынып жетекші Әсия Аманжолованың сыныптағы оқушылардың қазақ тілінде еркін өз ойын айта алмауы және орыс тілді оқушылардың басымдылығы. Сыныпты бақылауға ала отырып зерттеу сұрағы анықталды. Бұл «әдебиет сабағында оқушылардың айтылым дағдысын қалай дамытуға болады?» деп қойылды. Сұрақ аясында проблемаларды шешудегі басты құрал – сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануды өзара ақылдасып отыру болды. Сабақ үдерісіндегі проблемаларды шешу үшін сабақты зерттеуді қолға алып, жекелеген оқушыларға да назар аударылып отырды. Сабақты зерттеуде ортақ проблема бойынша нұсқаулықтар құрылды. Ең маңызды әрі күрделі кезеңдердің бірі болған сабақты бірлесіп жоспарлау. Себебі белгілі бір жүйемен бірлесіп жұмыс істеген өте тиімді және ұтымды екеніне көзіміз жетті. Оқушылармен мақал-мәтелдер жарысын, жұмбақ айтқызу арқылы қызықтырып, тіл байлығын одан әрі дамыту жолдары жалғасуда. Сабақта қолшатыр, жұмыртқа аршу, еркін микрофон, т. б. әдістер оқушылардың тілін дамытуға, еркін сөйлеуге жиі қолданған тиімді әдістің бірі болды. Фокусқа сүйене отыра, бұл жерде анықталған зерттеу сұрағының ең маңызды тұсын ескеріп отыруды жөн көрдік. Мысалға айтқанда, оқушы үнін ескеру деген – са-



бақты жоспарлауда оқушылардан алынған сауалнамалар мен сұхбатқа назар аудару. Сабақтан кейін оқушылармен сұхбат жүргізу сұрақтарын әзірлеу. Оқушыларға сабақ барысында қызықтырған және жеңіл орындалатын тапсырмаларды түрлендіру. Топтық және жеке жұмыстарда осындай жұмыстардың жоспарын құрумен қатар талдауын жасап отыру. Әр сабақтың хаттамасы негізінде келесі зерттеу сабақтардың талдауы да жоғарыда айтылған негізі бойынша жоспарланып отыруы болды. Зерттеу сабағында тиімді әдіс-тәсілдерді оңтайлы қолдану білу, мұғалімдердің өзара ақылдасу арқылы жүзеге асып отырды. Сынып жетекшісінің әрбір сөзін түртіп алып, оқушылардың бойындағы өзгерістер туралы айтып отырғаны айтарлықтай қуантты. Тіпті көзге көрінбейтін кішкентай болсын жақсы жағынан өзгерістер зерттеудің нәтижесін көрсетті. Қорытынды немесе нәтижелерді бақылау парағына жазып, ашық зерттеу жүргізіп отыру жұмыстың тура жолға қойылғанына көзімізді жеткізді. Әдебиет пәнінде оқушылардың айтылым дағдысын жетілдірерді қолдануда мәтіннен алған жаңа ақпаратты

сұрыптай алатындай, тапсырмаларды қолданған соң рефлексия жасалып отырды. Қаншалықты тапсырмалардың жеңіл және күрделілігі, мәтін бойынша жеңіл және күрделі сұрақтар құрастыра алуы, мәтін идеясын өмірмен байланыстыра алуы деген сияқты талаптар ескеріліп отырды. Баланың білімді әрқайсысы қабілетіне қарай әртүрлі қабылдайтынын ескере отырып, «зерттеу арқылы оқыту» тапсырмалары құрастырылды. Оқушылар өз бетінше немесе өзге оқушылармен топтасып, бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алды. Зерттеу барысында топтасып жұмыс істегенде жекелеген оқушылардың мінез-құлқында оңтайлы өзгерістерді байқадық. Топта өз ойын ашық айту, жанындағы балалармен қарым-қатынасы және топтық тапсырманы бірлесіп орындауы берілген тапсырмалардың тиімділігін көрсетті. Оқушылардың құзыретін бақылауда олардың берілген ақпаратты қабылдауы және дағдысын қалыптастыруда еркін белсенділік танытқаны алдыңғы сабақтардан одан әрі байқала түсті. Олардың шығармашылыққа деген қызығушылығы артып, берілген тапсырмаларды нәтижелі орындауға мүмкіндік

берді. Гүлнұр Дүйсенқызының сабағында тақырыпты ашуға әртүрлі топтық ойындар, жеке жұмыс түрлері және дәптермен жұмыс жүргізілді. Оқушылар сурет бойынша сөйлем құрастырып, өз ойын айтты. Әсия Аманжолова өз сабағында ашық микрофон әдісін қолдана отырып, оқушыларды сөйлеті білді. Бейнежазба көрсету арқылы қосымша ақпараттар берді. «Жұмыртқа аршу» әдісінде оқушылар сөздерден сөз тіркесін құрастырып шықты. Берілген сөздердің мағынасын ашып, дұрыс мағыналы сөйлемдер құрастыра білді. Зерттеуші мұғалімдердің зерттеу барысында қарапайым тапсырмаларды тәжірибе арқылы, мәтінмен жұмыс, сызбамен, суретпен жұмыс жүргізіп отыруы жобамызды нәтижелі ететініне жетелеп келеді. Демек, оқушыларды жеке тұлға етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен олардың қабілетін дамытудың мәні зор.

Қорытындылай келе, «Lesson Study» зерттеуге бағытталған жобасының қазіргі заман талабына сай туындап отырған өзекті мәселелерді шешудің бір түрі екеніне сеніміміз арта түсті. Зерттеумен қатар мұғалімдердің ойында жүрген сұрақтарға жауап алдық. Осы жоба төңірегінде педагогтар бір-біріне аянбай әдістемелік көмек көрсетті. Оқушылардың сабақта деген белсенділігі, қызығушылығы арта түсті. Ең басты мәселе – тілдік құзыреті дамып, өз ойын ашық айта бастады. Сондықтан алғашқы мақсатымыз – қызығушылық танытып отырған саланы тарылту, мейлінше қолайлы әрі нақты зерттеу нысанын анықтап алу. Зерттеу тақырыбынан зерттеу нысанына ауысудың бірнеше кезеңі арқылы таңдалған әдебиеттерден қосымша мәліметтер жинау арқылы тәжірибеге көшу. Жас зерттеушілер бұл үдерісті оңай деп тапқанмен, оны кең ауқымды бірнеше жылдық жоба деп қабылдау қажет. Зерттеу арқылы нақты нәтиже бере алатын мақсатқа жете алу үшін осы жобаға байланысты ақпаратпен танысып, көздеген мақсатқа, тәжірибе мен теорияны ұштастыра отырып, белгілі бір нәтижеге келе аламыз. Әрқашан ізденіске дайын болайық!

Бақыт УРАЗБАКОВА,
Астана қаласы
Әлихан Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицейінің
бастауыш сынып мұғалімі

Абай атамыз айтқан бес дұшпанның бірі – еріншектік, жалқаулық. Бұл дұшпан адамды ешқашан жақсылыққа алып келмейді. Ешқашан алға жылжуға, дамуға мүмкіндік бермейді. Кім адал еңбек етсе, сол ғана жетістікке жетеді. Ал осы жалқаулықтан қалайша тез арылуға болады?

ЖАЛҚАУЛЫҚ АЗДЫРАДЫ

Біріншіден, біз жаман нәрселерден бойымызды аулақ ұстауымыз керек. Жалқаулық кез келген адамға жабысуы мүмкін. Абай атамыз айтқандай, әрбір жалқау адам қорқақ, мақтаншақ болып келеді. Ондай адамды бірден байқауға болады. Құр мақтанғаннан сөзіңді ешкім тыңдамайды. Керісінше, біз өмірде адал еңбегімен жетістікке жеткен жандардың тәжірибесіне қызыға қараймыз. Туған еліне, ұлтына қызмет етіп, пайдасын тигізіп жүрген адамдардың өмір жолына үйліміз керек. Жалқаулыққа ұрынбас үшін әр кез өз-өзіңді жаман нәрселерден сақтандырып, қамшылап отырсаң құба-құп.

Екіншіден, біз бастаған әрбір ісімізді аяқтап дағдыланғанымыз жөн. Бір жұмысты жасаймын деп жоспарласақ, 5 минут уақытымызды бөлейік. Осылайша, оған алғашқы қадам жасап, қызығушылығымыз оятыамыз. Иә, бұл жұмысты 5 минутта бітіресіз деген сөз емес. Тек жалқаулықты жуытпайтын тәсілдің бірі.

Үшіншіден, бір істі бастау қолыңыздан келмей қалса, жай ғана бүгін істейтін жұмыстарыңыздың тізімін жасаңыз. Яғни күнделік жүргізіп, әрбір күніңіздің жоспарын жазыңыз. Осылай мақсат қойған кезде бірінші қадамыңыз жасалады. Тіпті оған өзіңіз де таңғалуыңыз әбден мүмкін. Бірақ ол алдағы әрекетіңізге жол ашады.

Шынында да, жалқаулыққа бой алдыру оп-оңай. Кей-кейде ештеңеге зауқың соқпаса, түк істегің келмейді. Міне, осы кезде жалқаулық адамның өне бойын билеп алуы мүмкін. Сондықтан әр кез өз-өзіңізді қамшылап, жалқаулықтың кесірінен сақтанып отыруымыз керек.

Ақнұр МЫҚТЫБЕК,
Астана қаласы
Мұқағали Мақатаев атындағы
№74 мектеп-лицейдің 9-сынып оқушысы

Астана қалалық Ардагерлер кеңесі Алматы аудандық Ардагерлер кеңесінің мүшесі Ералы Әнуарбек Қайкенұлының туған апасы – «Шәкәрім» бастауыш ардагерлер ұйымының төрайымы **Ахметова Сағила Қайкенқызының** қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

«САҚ СТИЛЬ» ЖАҢА СЕРИЯСЫНА ЖАТАТЫН НОМИНАЛЫ 5 000 ТЕНГЕЛІК БАНКНОТТЫ АЙНАЛЫМҒА ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Ұлттық Банкінің Орталық филиалы (Астана қаласы) 2023 жылғы 25 желтоқсанда Қазақстан Ұлттық Банкі 2023 жылғы үлгідегі жаңа дизайнның номиналды құны 5 000 теңгелік банкнотты айналымға шығарғанын хабарлайды.



Ескі үлгідегі банкноттар бір жыл ішінде біртіндеп айналымнан алынатын болады. Тиісінше банкноттар айналымда қатар жүрген уақытта халыққа ескі үлгідегі банкноттарды екінші деңгейдегі банктерде немесе Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалдарында жаңа банкноттарға дербес айырбастаудың қажеті жоқ. Банкноттардың айналымда қатар жүру кезеңі аяқталғаннан кейін барлық екінші деңгейдегі банктер мен «Қазпочта» АҚ ескі үлгідегі банкноттарды 3 жыл ішінде жаңа үлгідегі банкноттарға, ал Қазақстан Ұлттық Банкінің филиалдары мерзімсіз айырбастайтын болады.

2023 жылғы жаңа үлгідегі банкноттар және 2011 жылғы ескі үлгідегі банкноттар айналымда қатар жүретін кезең ішінде төлемдер мен аударымдардың барлық түрін жүзеге асыру, банк шоттарына аудару үшін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында олардың атаулы құны бойынша қабылдауға міндетті заңды төлем құралы болып табылады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: 703 354, 703 378, www.nationalbank.kz

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Орталық филиалы (Астана қаласы)



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

НОМИНАЛЫ 10 000 ТЕНГЕЛІК МЕРЕЙТОЙЛЫҚ БАНКНОТТЫ АЙНАЛЫМҒА ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Ұлттық Банкінің Орталық филиалы (Астана қаласы) 2023 жылғы 15 қарашада Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын айналымға енгізудің 30 жылдығына арналған номиналы 10 000 теңгелік мерейтойлық банкнотты айналымға шығарғанын хабарлайды.

Банкнотта 19 қорғаныш элементі бар. Монаета бейнеленген дизайнда негізгі голографиялық элемент – теңгенің «Т» белгісі қолданылған. Банкноттың екі жағында да шексіз қозғалыстың символы – «Мёбиус лентасы» бар.



Номиналы 10 000 теңгелік мерейтойлық банкнот төлемдердің барлық түрі бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есепке алу үшін және Қазақстан Республикасының барлық банкінде аудару, ұсақтау және айырбастау үшін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында номиналды құны бойынша қабылдануға міндетті.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: 703 354, 703 378, www.nationalbank.kz

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Орталық филиалы (Астана қаласы)

ӘЛМҰҚАНДЫ ӘСПЕТТЕЙТІН ЖЫЛ

Биыл – осы Ақмола өңірінің тумасы, Ұлы Отан соғысының қаһарманы, «Даңқ» орденінің толық иегері Әлмұқан Сембиновтің туғанына 100 жыл. Осыған байланысты елорданың Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Мұрат Іргебаев Астана қалалық мемлекеттік архивінің басшысы Жангелді Бимолдинмен кездесіп, батырдың ғасырлық мерейтойына арналған іс-шараны өткізу барысын талқылады. Елорда архивіндегі майдангерге қатысты құжаттар таныстырылды.



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Әлмұқан Сембинов 1924 жылдың 21 сәуірінде Ақмола облысы Жаңабірлік ауылында туған. 1942 жылдың ақпанында қызыл әскер қатарына шақырылып, 1210-атқыштар полкының барлаушылар взводуна қосылып, соғыстың соңына дейін алғы шепте соғысқан. 1-інші және 3-Беларусь майданында қатардағы жауынгерден барлаушылар взводуның командиріне дейін өсті. 1944 жылдың жазында

Беларусь жерінде Днепр өзенінен алғашқылардың бірі болып өтіп, Быхов қаласын азат ету үшін болған шайқаста ерен ерлігімен көзге түсіп, III дәрежелі «Даңқ» орденімен, соңынан «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды. 1944 жылдың жазында Кулиш елді мекені маңында болған ұрыста ерлік көрсеткені үшін II дәрежелі «Даңқ» ордені иеленді. Ал соғыстың аяқталуына аз күн қалғанда, 1945 жылдың 17 сәуірінде Одрадағы Франкфурт қаласынан оңтүстік-батысқа қарай орналасқан Мюльрозе елді мекеніндегі шайқаста Әлмұқан Сембинов 9

фашисті тұтқынға алды. Өзі жараланса да, бөлімшеге басшылық етуді тоқтатқан жоқ. 22 сәуірде, 26 сәуірдегі ұрыстарда да Сембинов ерлікпен көрінді. 1945 жылдың 15 мамырындағы КСРО Жоғарғы Кеңесі алқасы жарлығымен Сембинов I дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталып, осы орденнің толық иегері атанды.

Соғысты Әлмұқан Сембинов Эльба өзеніндегі Рудольштадт қаласында аяқтады. 1945 жылдың желтоқсанында әскерден босап, Ақмола қаласына оралды. Қалалық партия комитетінің нұсқаушысы, қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып жұмыс істеді. Қазіргі «Астаналық» саябақта болған балалар теміржолы кезінде Сембиновтың бастамасымен салынды.

Жоғары партия мектебін, 1951 жылы Абай атындағы Алматы педагогика институтын бітірді. Тарихшы мамандығын алып шығып, сол жылдары Целиноградта жаңа ашылған құрылыс техникумының ең алғашқы директоры болды. Ақмола-Павлодар теміржолы құрылысы саяси бөлім жетекшісінің орынбасары, ал өмірінің соңғы жылдары Көлік жолдары министрлігінің оқу комбинатын басқарды. Батыр небәрі 48 жасында, 1972 жылдың 10 ақпанында өмірден озды. Бүгінде Астана қаласында оның атымен аталатын көше бар.



ӘЛЕМ КУБОГЫН ЖЕҢІП АЛДЫ

Қытай астанасы – Бейжіңде көркем жүзуден әлем кубогының алғашқы кезеңінде отандастарымыз жеңіс тұғырынан көрінді.

Акробатикалық топтық бағдарламада қыздарымыз жарыс қожайыны – Қытай құрамасынан озып, чемпион атанды. Құрама сапында Астана қаласының спортшылары, яғни Әйгерім Құрманғалиева, Жанниа Жиенғазы, Анна Павлецова, Жаклин Якимова өнер көрсетті деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

Осыған дейін техникалық бағдарлама бойынша әйелдер арасындағы топтық сайыста жерлестеріміз қола жүлде жеңіп алған болатын. Ал сәл ертеректе елордалық Анна Павлецова өзінің жұбы Виктор Дружинмен аралас жұптық сының еркін бағдарламасында күміс жүлдеге қол жеткізген болатын. Олар финалда 161.5771 балл жинады.

Қытайдағы әлем кубогының

кезеңі осымен аяқталды. Ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен елордалық спортшылар Қытай астанасындағы жарыста бас-аяғы 4-жүлде еншіледі. Олар акробатикалық топтық бағдарламада алтын жүлдегер атанса, жарыстың алғашқы күнінде елордалық Эдуард Ким мен оның жұбы техникалық бағдарламада күміс жүлдеге ие болды. Сонымен қатар елордалық Анна Павлецова өзінің жұбымен аралас жұптық сының еркін бағдарламасында күміс жүлдеге қол жеткізсе, техникалық бағдарлама бойынша әйелдер арасындағы топтық сайыста жерлестеріміз қола жүлде жеңіп алды.

Байрақты бәсекеде 14 елден келген 85 спортшы сынға түсіп, 11 медаль жиынтығы сарапқа салынды.



ЖҮГІРУ – АСТАНАЛЫҚ ТРЕНД



Сұлтан СЕЙІТ

Ғалым
ҚОЖАБЕКОВ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Astana run – 4 кезеңнен тұратын әрі қаланың түрлі жерінде өтетін ерекше сайыс. Кейінгі жылдары Астана көшіп келушілердің саны бойынша көшбасшылардың қатарына кіреді. Сондықтан дәстүрлі бәсекеміздің әр кезеңінде шамамен 30 пайыз қатысушы бірінші рет қатысады. Олар тек жүгіріп қана қоймай, хоббиіне сәйкес адамдармен танысып, қалаға тез сіңісіп кетеді» дейді жарыс ұйымдастырушысы Жанат Қожахметов.

«2019 жылдан кейінгі ресми

алғашқы жарысым – бұл. Салыстырмалы түрде жүгіру соңғы кезде трендке айналды. Алайда осындай үрдіс моноқалаларда да жалғасын тапса екен деймін. Себебі кіші қалаларда жүгіру, велосипед жүргізу әлі салауатты өмірдің бір бөлшегі ретінде толыққанды саналмайды» деді Асыл есімді қатысушы.

Жалпы «Astana run» жүгіру жобасы 4 кезеңде өтеді. Алғашқы көктемгі жүгіруге 18-29, 30-39, 40-49, 50-59, 60 жастан жоғары санаттағы адамдар 5 шақырымға жүгірсе, 10-17 жастағы жасөспірімдер 1 шақырымға, ал 3-9 жас аралығындағы балалар 400 метрге жүгірді. Әуесқой жүгірушілер енді жазғы, күзгі және қысқы жүгіру мерекелерін күтеді.

